



# Qazaq Aqbas

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ • ЮБИЛЕЙНЫЙ СПЕЦВЫПУСК

@aqbas\_tuqymy | aqbas.kz



**«Мал ұстасаң  
асылынан ұста»**

Жақсылық Үшкемпіров | 9-14

**«Шаруа – мақтаулы есім»**

Александр Касицин | 39-46

**«Қазақтың ақбас тұқымының  
селекциялық үрдісіне заманауи  
технологияларды енгізу»**

GrowSafe | 47-56





Нур-Султан, ул. Кенесары,  
д. 40, БЦ «7 Континент»  
15 этаж, офис 1507

+7 (708) 425-01-12  
nrczhiv@mail.ru  
nrczhiv.kz

# НАУЧНО — ПРОИЗВОДСТВЕННЫЙ ЦЕНТР ЖИВОТНОВОДСТВА И ВЕТЕРИНАРИИ

ПРИГЛАШАЕМ К СОТРУДНИЧЕСТВУ

ТОО «Научно-производственный центр животноводства и ветеринарии» является научной организацией, внедряющей инновационные решения, современные методики и технологии в селекции племенного крупного рогатого скота мясных и молочных пород.

Специалисты Центра, ведущие эксперты в области мясного и молочного скотоводства, признаны международными организациями в области сельского хозяйства США, Канады, Германии и России.


Центр тесно сотрудничает и взаимодействует с ведущими хозяйствующими субъектами племенного скотоводства, республиканскими палатами племенного скота мясных, молочных и комбинированных пород, государственными органами и научными организациями Республики Казахстан.

Центром налажено сотрудничество с мировыми лидерами в области племенного животноводства, включая Правительство провинции Альберто (Канада), Университет Квинсленд (Австралия), центр ABRI (Австралия), INRA (Франция), ASAS (США), VIT и DAZ Немац (Германия), Германо-Казахстанский аграр-

но-политический диалог» (APD), Neogen (лаборатория ДНК исследований Genesee, США), Тимирязевская сельскохозяйственная академия (Москва, Россия) и другими организациями.

## ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРА

- 1 научные исследования в области селекции мясных и молочных пород
- 2 научное сопровождение, внедрение современных методик и разработок
- 3 услуги по испытанию бычков мясных пород по собственной продуктивности
- 4 услуги по определению качества молока и кормов
- 5 консалтинговые услуги и обучение персонала в молочном и мясном скотоводстве
- 6 услуги оценки генетической племенной ценности молочного скота
- 7 внедрение и сопровождение инновационных решений в менеджменте животноводства и кормопроизводства



## Құрметті достар! Дорогие друзья!



Қазақтың Ақбас тұқымы республикалық Палатасының төрағасы Қуаныш Сулейменовтің құттықтау сөзі

Приветственное слово председателя Республиканской Палаты казахской белоголовой Куаныша Сулейменова



Қазақтың ақбас тұқымына 2020 жылы — 70 жыл! Бұл — Қазақтың ақбас тұқымының шығу тарихы қалай басталғанын және оның қалыптасу кезеңіндегі адамдарды еске түсіретін ерекше жыл. Бүгін қазақ елінің абыройы саналатын Қазақтың ақбас тұқымын сақтап қалуға барын салған патриот азаматтарымыздың алдында бас иеміз.

Қазақтың ақбас тұқымын сақтауды біз өз жауапкершілігімізге алып отырмыз. Сондықтан Қазақтың ақбас тұқымының кешегі мен бүгінгі тарихына да жауаптымыз. Қазіргі кезде елімізде асыл тұқымның танымалдылығы күн сайын артып келеді, бұл — әрбіріміздің Қазақтың ақбас тұқымының сақтаулы мен өркендеуіне қосып жатқан үлесіміз!

Бүгінде Қазақтың ақбас тұқымының республикалық Палатасы — Қазақтың ақбас тұқымын дамыту идеялары мен армандардың тоғысқан орталығы. Армандар орындалады, біз барлық жоспар мен ойлаған ісіміз жүзеге асады деп үміттенеміз және сенеміз.

Мен әрбіріңізді Ақбас тұқымының 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Осындай айрықша тұқымды шығарған және біздің кезімізге жеткізген аталарымыз бен әкелеріміздің аманатын келесі ұрпаққа, яғни балаларымыз бен немерелеріміз, шөберелерімізге табыстау зор міндетіміз!

2020 год — год 70-летия Казахской белоголовой породы! Это особенный год, когда мы вспоминаем, как все начиналось, людей, которые стояли у истоков становления Казахской белоголовой. Мы с глубокой благодарностью сегодня преклоняем головы перед патриотами нашей страны, которые сделали все от них зависящее для сохранения гордости казахского народа — Казахской белоголовой породы.

Мы взяли на себя ответственность сохранить Казахскую белоголовую породу. А значит, мы теперь в ответе за всю историю её существования. И сейчас, когда порода начинает набирать популярность в стране, каждый из нас является кирпичиком, из которых складываются благополучие и процветание Казахской белоголовой!

Сегодня Республиканская Палата казахской белоголовой — это центр объединения идей и мечтаний по развитию Казахской белоголовой породы. Мечтам свойственно сбываться, поэтому мы надеемся и верим, что все наши планы и задумки обязательно осуществляются.

Я от чистого сердца поздравляю каждого из нас с 70-летним юбилеем Казахской белоголовой! С тем, что мы с честью выполняем долг перед нашими отцами и дедами, которые вывели и передали нам эту уникальную породу, это то, что мы должны передать нашим детям, внукам и правнукам!

## Қазақтың ақбас тұқымы республикалық Палатасы Кеңесінің құрамы



**СҮЛЕЙМЕНОВ ҚУАНЫШ СЕРҒАЗЫҰЛЫ**  
Директорлар кеңесінің төрағасы, "Шалабай"  
ЖШС Бас директоры, Шығыс Қазақстан



**БЕКБЕРДИНОВ БОЛАТ МИГРАЖЕВИЧ**  
"Елім-ай Көкпекті" ЖШС директоры,  
Шығыс Қазақстан



**НАУАНОВ АЙДОС БЕКЕТАЕВИЧ**  
"Дастан" ШҚ басшысы, Қарағанды облысы



**НЕСИПБАЕВ АНСАР МАКСУТОВИЧ**  
"Талды-Булак" ШҚ басшысы, Жамбыл облысы



**НИҒМЕТОВ АЙДАР САҒАДИЕВИЧ**  
"Айдар" ШҚ басшысы, Ақмола облысы



**ЖАҚСЫБАЕВ ЖЕТКЕРГЕН  
АБДИРАХМАНОВИЧ**  
"Алтай" ШҚ басшысы, Ақтөбе облысы



**КАСИЦИН АЛЕКСАНДР АНАТОЛЬЕВИЧ**  
"Галицкое" ЖШС директоры, Павлодар облысы



**ҚҰРМАНГАЛИЕВ ЕРБОЛАТ ҚУАНЫШЕВИЧ**  
"Сабит" ШҚ басшысы, Батыс Қазақстан



**АЛПЫСОВ ЕРЛАН САПАРБЕКОВИЧ**  
"Алабота Асыл Тұқымды Зауыты"  
ЖШС директоры, Солтүстік Қазақстан



**ШУНАЙБЕКОВ СЕРГЕЙ МИХАЙЛОВИЧ**  
"Шунайбеков" ШҚ басшысы, Батыс Қазақстан



# Мазмұны

01–02

Палата Кеңесінің төрағасы Қуаныш Сүлейменовтің құттықтауы

Приветствие председателя Совета Палаты Куаныша Сулейменова

03–04

Қазақтың ақбас тұқымы республикалық Палатасы Кеңесінің құрамы

Состав Членов Совета Республиканской Палаты казахской белоголовой породы

07–08

Қазақтың ақбас тұқымының 70 жылдық тарихы

70-летняя история Казахской белоголовой породы

09–14

Мал ұстасаң асылынан ұста

В животноводстве надо отдавать предпочтение самым лучшим породам

Жақсылық Үшкөмпіров | Жақсылық Үшкөмпіров

15–16

Қазақтың ақбас тұқымының республикалық Палатасындағы шаруа қожалығының жалпы саны

Количество хозяйств — членов республиканской палаты казахской белоголовой породы

17–24

Қазақтың аты аңызға айналған ақбас тұқымына 70 жыл

Легендарной Казахской белоголовой породе — 70 лет

Мақсат Балқыбаев | Максат Балкибаев



27–32

Қазақтың ақбас тұқымы туралы бәрін білетін адам, тіпті одан да көп

Человек, который знает про Казахскую белоголовую все, и даже больше

Қазыбай Бозымов | Қазыбай Бозымов

33–38

Qazaq Aqbas – Отанның мақтанышы және мұрасы

Qazaq Aqbas - гордость и достояние отечества

Асыл Түлік | Асыл Тулик

39–46

Шаруа – мақтаулы есім

Крестьянин - это звучит гордо

Александр Касицин

47–56

Қазақтың ақбас тұқымының селекциялық үрдісіне заманауи технологияларды енгізу

Внедрение современных технологий в селекционный процесс казахской белоголовой породы

Grow Safe



Құттықтаулар

Еркімбаев Дәулетбек  
Боқанұлы ("Дархан" ШҚ)  
"Мерекелеріңізбен,  
еңбектеріңізге табыс  
тілеймін!"

59-64

Қазақтың ақбас тұқымының жарқын келешегіне сенуіміз керек

Мы должны верить в светлое будущее Ақбас

Даурен Матақбаев | Даурен Матақбаев

67-76

Біздің кәсіп делдалсыз өрлеуде. Бизнесіте бұл аса маңызды

В нашей цепочке отсутствуют посредники. В бизнесе это немаловажно

Айдар Нығметов | Айдар Нығметов

77-82

Кез келген бизнестің басты капиталы – адам  
Главный капитал любого бизнеса — человек

Қуаныш Сүлейменов | Қуаныш Сүлейменов

85-88

Петр Амосовтың Қазақтың ақбас тұқымын шығару тарихындағы еңбегі

Роль П.Г. Амосова в истории Казахской белоголовой

Өмірзақ Сұлтанов | Умирак Султанов

89-92

Біріктіру және көбейту

Объединить и приумножить

AGROKENEZ.KZ

93-96

Саян Баатов — фермер және блогердің тұлғасы

Саян Баатов. Фермер и блогер в одном лице.

Саян Баатов | Саян Баатов

97-100

Жаңа білімдер қаржы үнемдейді. Фермерлерге арналған оқу бағдарламасы

Новые знания приведут к экономии средств. О программах обучения для фермеров

# Содержание

101-104

Агротаркетолог ұсынған инсайттар: 2021 жылы фермерлер үшін маркетингтегі 8 маңызды бағыт

Инсайты агротаркетолога: 8 важных направлений в маркетинге для фермеров в 2021 году

Гүлдана Темірхан | Гүлдана Темірхан

105-106

Qazaq Aqbas тауар каталогі | Каталог товаров Qazaq Aqbas

Мерч каталогі | Каталог мерча

107-108

«Қазақтың ақбас тұқымының өмірінен бір күн» экспедициясы

Экспедиция «Один день из жизни Казахской белоголовой породы»

Фото галереясы | Галерея фото

109-110

Қазақтың ақбас тұқымы Республикалық Палата қызметкерлерінің тізімі

Список сотрудников Республиканской Палаты казахской белоголовой породы

Басылым деректері / Выходные данные  
Баспа түрінде 2019 жылдан бері шығарылады  
Тілдер: қазақ және орыс  
Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы  
Таралым: 600 дана  
Издается с 2019 года в печатном виде.  
Язык(и): казахский, русский.  
Территория распространения: Республика Казахстан.  
Тираж: 600 шт.

Редакция  
Жоба жетекшісі / Руководитель проекта:  
Темірхан Гүлдана Ержанқызы  
Жоба жетекшісінің көмекшісі  
Помощники руководителя проекта:  
Ерден Аликбаев  
Айгерім Аликбаев  
Шығармашылық топ  
При издании функционирует Редакционная коллегия:  
Мирзүл Джикишинова  
Улжан Шараева  
Нина Тихова  
Дизайн:  
Ранавуи Абдрахманова

Баспа: Қазақтың ақбас тұқымы республикалық Палатасының серіктес компаниясы «Da Boss» ЖҚ  
Издатель: партнерская компания Республиканской Палаты казахской белоголовой породы ИП «Da Boss»

# 70 ЖЫЛ/ЛЕТ

## ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ ЮБИЛЕЙ КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ

### 1930 - 33

1930 ж. Қазақстанда сиырдың жаңа тұқымын шығару үшін Францияның жартысына тең болатын 500–550 мың шаршы шақырым аймақты бөліп берді. Бұл аймақтың климаты күрт континентальды – қысы суық, жазы ыстық болғандықтан, бастапқы тұқымға қазақтың жергілікті малы таңдап алынды.

1933 ж. Алғашқы будандастырылған төл Қазақстанның ауылдарында пайда болды.

В 1930 г. Для выведения новой породы коров в Казахстане выделили зону, равную почти половине Франции – 500–550 тыс. кв. км. Климат на этой территории преимущественно резко континентальный, с холодной зимой и жарким летом. В качестве первой исходной породы выбран местный казахский скот.

В 1933 г. Первый помесный молодой бык появился в совхозах Казахстана



Бык-производитель герефордской породы Хопфил 4 и скотник Ахметов Коспай. Бык был завезен из Англии в ГПЗ «Анкатинский»

### 1950-60

КСРО Министрлер Кеңесі 1950 ж. 30 мамырда жаңа етті тұқымға «Қазақтың ақбас сиыры» атын берді. Қазақтың жаңа ақбас тұқымды малдары бастапқы тұқымдардың ең жақсы қасиеттерін біріктірді. Герефорд тұқымынан тез жетілушілігі мен еттің жоғары құнарлылық қасиеттерін алды. Жергілікті малдан қатал климаттық жағдайларға бейімделу және құрғақ жайылым жағдайында тез жем алу қасиеттерін игерді.

КСРО кезінде малшаруашылығының сүтті бағыты бірінші кезекке қойылды. Сүт-жоспарын жабу үшін көптеген асыл тұқым өсіретін шаруашылықтар етті бұқаларды сүтті тұқымдармен будандастырды. Бұл асылдандыру жұмысына және жалпы ет саласына теріс әсер етті.

30 мая 1950 г. Совет Министров СССР присвоил новой мясной породе название «Казахская белоголовая». Животные новой Казахской белоголовой породы совместили лучшие качества исходных пород. От породы герефорд они взяли скороспелость и высокие мясные качества. От местного скота унаследовали приспособленность к суровым климатическим условиям и способность к быстрой наживке в условиях сухого пастбища

В СССР на первый план выдвинули молочное направление животноводства. Для того чтобы закрыть план сдачи молока, многие племенные хозяйства проводили скрещивание перспективных мясных бычков с молочными породами. Это негативно повлияло на племенную работу и на мясную отрасль в целом.

### 1990

Жалпы малшаруашылығы үшін де қиын кезең орын алды. Егер 80-жылдардың аяғында көпжылдық және тынымсыз еңбектің арқасында Қазақстанда жоғары дамыған тұқымды асылдандыру құрылымын құру мүмкін болса, 90-жылдардың басында орын алған дағдарыс кезеңінде асыл тұқымды қорды толығымен шашыратып алды.

Сложный период для животноводства в целом. Если к концу 80-х ценой многолетнего и кропотливого труда в Казахстане удалось создать отлично развитую племенную структуру породы, то с началом кризиса 90-х годов племенное хозяйство почти полностью растратили племенной фонд.



Директор ГПЗ «Балкашинский» Бай Б.В.

*Бүгінде Қазақстанның ірі шаруашылықтарында аса жоғары бағаланатын асыл тұқымның тарихын еске түсіруге шақырамыз*

*Мы предлагаем вспомнить историю появления породы, которая сейчас занимает свое почетное место среди других в крупнейших хозяйствах Казахстана.*

### 2010-11

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада үй жануарларын сәйкестендіру жүйесіне ерекше мән беріледі.

2011 ж. Қазақстанның 12 шаруашылық нысаны Қазақтың ақбас етті тұқымды Ассоциациясы түрінде заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің бірлестігін құрды. Бір жылдан кейін Ассоциация «Қазақтың ақбас тұқымы республикалық Палатасы» болып өзгерді. Осы жылы асыл тұқымды зауыттар мен асыл тұқымды шаруашылықтар жойылып, оның орнына «тұқымдық мал» ұғымы пайда болды.

Принята программа развития агропромышленного комплекса на 2010–2014 годы. Особая роль в этой программе отводилась системе идентификации домашнего скота.

В 2011 г. 12 хозяйствующих субъектов Казахстана создали Объединение юридических лиц и индивидуальных предпринимателей в форме Ассоциация мясной казахской белоголовой породы. Через год Ассоциация была преобразована в Республиканскую Палату казахской белоголовой породы. В этом же году племенные заводы и племенные хозяйства были упразднены, появилось понятие «племенное животное».

### 2015-16

2015 ж. ауылшаруашылығы министрінің бұйрығымен асыл тұқымды малға мәртебе беру туралы ереже бекітілді.

2016 ж. 1 қаңтардан бастап асыл тұқымды малдың бірінші санатына әкелік жағынан асылдығы расталған жағдайда ғана берілетін болды.

В 2015 г. приказом министра сельского хозяйства утверждены правила о присвоении статуса племенным животным

С 1 января 2016 г. первая категория племенного животного могла присваиваться только скоту с подтвержденной родословной по отцовской линии..



Экспедиция «Один день из жизни Казахской белоголовой» в ТОО «ПЗ «Алабота» (Северо-Казахстанская область, РК)

### 2020

Қазақтың ақбас тұқымы республикалық Палатасында 270 мыңнан аса асыл тұқымды мал тіркелген. Палатаның басым бағыттарының бірі «Қазақтың ақбас тұқымы» етті брендін қалыптастыру болып табылады.

2020 жыл — Қазақтың ақбас тұқымының 70 жылдығы. Карантиндік шектеулерге байланысты мерейтойды атап өту келесі жылға ауыстырылды.

В Республиканской Палате казахской белоголовой породы зарегистрировано больше 270 тысяч племенных животных. Одним из главных направлений работы Палаты является создание мясного бренда «Казахская белоголовая».

В связи с карантинными ограничениями празднование юбилея перенесено на следующий год



Экспедиция «Один день из жизни Казахской белоголовой» в ТОО «ПЗ «Алабота» (Северо-Казахстанская область, РК)



Жақсылық Үшкемпіров

## МАЛ ҰСТАСАҢ АСЫЛЫНАН ҰСТА



Жақсылық Үшкемпіров 1951 жылы 6 мамырда Жамбыл облысы Байзақ ауданы Тегістік ауылында дүниеге келген

КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, грек-рим күресінен қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы

Әлем чемпионы (1981 жыл), Әлем кубогының иегері (1982 жыл), Еуропа чемпионатының күміс жүлдегері (1980 жыл)

«Қазақстанның Еңбек Ері» Алтын жұлдызының иегері, «Отан», I дәрежелі «Барыс», «Құрмет» ордендерінің иегері

Аңыз адам Жақсылық Үшкемпіров 2020 жылы 2 тамызда 69 жасында дүниеден өтті

Қазақтың ақбас тұқымының республикалық Палатасы мүшелері әріптесі, біртуар спортшы, елдің патриоты және Қазақтың ақбас асыл тұқымын қалпына келтіруде шын күрескер Жақсылық Үшкемпіровтің қазасына қайғырып көңіл айтады. Мәңгі есте сақтаймыз...

Жақсылық Үшкемпіров Қазақтың ақбас тұқымының республикалық Палатасын құруға атсалысқан көшбасшылардың бірі. Спорттағы толағай жетістіктері бір биікте тұрса, ал кейінгі жиырма жылдағы ата кәсібін жаңғыртуға арнаған еңбегі бір төбе. Кеңес одағы ғалымдары будандастырып шығарған Қазақтың ақбас сиырларының тарихи даму кезеңі мен оның бүгінгі таңдағы бағалы қасиеттері жайлы ағамыз бұл өмірдегі жарығы сөнбей тұрғандағы бізге берген арнайы сұхбатында әңгімелейді.

– Қазақтың ақбас сиырларын дүниежүзі біледі десем айып

етпейсіздер. Неге десеңіздер, сапасы жағынан болсын, етінің дәмі жағынан болсын, құнарлылығы мен бағасының қолжетімділігіне бүткіл қауым құрметпен қарайды. Қазақтың ақбас тұқымының Палатасын құратын кезде Киікбай деген азаматымыз өзі келіп ұсыныс жасады. Менің шаруашылығымда ол кезде мың жарым бастай Қазақтың ақбас сиыры бар болатын. Осы тұқымды шашпай, екеуіміз әрі қарай көбейту ісін жалғастырайық деді. Мен қуана келітім және біздің министрліктің табалдырығын тоздырып, ел-елді аралап, ауыл аймақтардағы үлкен ақсақалдармен кездесіп тұқымды

сақтап қалу бір бөлек, оны әрі жетілдіруге, дамытуға белсене араласқанымызды игі іс санаймын, – деді Жақсылық Үшкемпіров. Атқарған игі істерімен, еңбекқорлығымен және адал да жарқын бейнесімен ел есінде мәңгі сақталатын ағамыз әр сөзінде жастарға талмай еңбек етуді, қандай да қиыншылық болса мойымай, төзімділікпен тек алға басуды үгіттеп, насихат етеді.

Жамбыл облысы Байзақ ауданы Тегістік ауылында дүниеге келген Жақсылық Үшкемпіровтің негізгі мамандығы малшаруашылығымен байланысты. Өмірінің екінші үлкен тарауын осы салаға арнауы да бекер



емес. Дегенмен басты себеп, денсаулығына байланысты ендігі тіршілігін ауылда жалғастыруға тура келген болатын. Дәрігерлердің кеңесіне құлақ асып, сүтінің шипалы қасиетіне орай 150-ге жуық ешкі малымен Алматы облысы Балқаш ауданы

Бақанас ауылында шағын шаруашылығын бастаған. Кейін жолдастарының кеңесі бойынша «Мал ұстаған соң асылынан ұста» қағидасымен ел-елді аралап, Қазақтың ақбас, сантагертұра, әуликөл сынды асыл тұқымды ірі қара малдарын жиыстырады.

Нәтижесінде 150-ге жуық тұқымы бұзылмаған малмен «Жақсылық» асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылығын кәсіби тұрғыда дамытуды қолға алған. Жылдар бойы осы саладағы тәжірибесін шыңдап, асыл тұқымды малдардың қадір-қасиетіне сай оларға жоғары сапада қызмет көрсетудің ізденісін бір сәтке де тоқтатпағаны көпке үлгі етер жақсы қасиет болып қала бермек. Жаңа технологиялар мен шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, тұқымның тазалығын сақтауға қашанда мән берген Жақсылық ағамыздың жас кәсіп иелерімен бөлісері көп еді.

– Қазақтың ер азаматтарына, оның ішінде жастарға айтарым, ата-бабамыздың

ҚАЗАҚТЫҢ ЕР АЗАМАТТАРЫНА, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАСТАРҒА АЙТАРЫМ,  
АТА-БАБАМЫЗДЫҢ ТӨЛ КӘСІБІМЕН АЙНАЛЫСҚАНЫҢ БЕРЕКЕСІ  
МОЛ. ӘРИНЕ БҰЛ ОҢАЙ ШАРУА ЕМЕС, ӨЗІНДІК ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ ДА  
КЕЗДЕСЕДІ. БІРАҚ ЕШ УАҚЫТТА АЛҒАН БЕТТЕН ТАЙМАЙ, ЕЛІМІЗДІ ӘРІ  
ҚАРАЙ ДАМУЫҒА АТСАЛЫСУ КЕРЕК.

төл кәсібімен айналысқанның берекесі мол. Әрине бұл оңай шаруа емес, өзіндік қиыншылықтары да кездеседі. Бірақ еш уақытта алған беттен таймай, елімізді әрі қарай дамытуға атсалысу керек. Қазақтың ақбас сиырларын өзімізде ғана емес, шетелдердегі сұранысын арттыруға әрекет жасау қажет. Мысалы, Өзбекстанға, Ресейге өткізіп келе жатқаныма үш жыл болды. Ал 2019 жылы қытайлық кәсіпкер жайлаудағы мың жарым бас асыл тұқымды малды экспортқа шығаруға келісімге отырайық деген ұсынысын білдірді. Мен келісімді басқаша ұсындым. Біздің асыл тұқымды 5 мың ірі қара малға олар соншасын әкеліп қоссын, экспортқа көбейгеннен кейін жіберіп отырамыз дедім. Шетелдіктермен осылай бірігіп жұмыс істесек ұтамыз. Ал қолдағы бар малды беріп қойсақ, орнын қалай толтырамыз?! – деді Жақсылық ағамыз бізге берген сұхбатында.

Малшаруашылығы қожалықтарына субсидия, демеуқаржы сияқты мемлекет тарапынан қолдаулар аса қажет екенін де ел ағасы алға тартады. Онсыз ет өнімін арзан бағада өткізу және оның өзін-өзі ақтауы екіталай. Себебі бір бұзаудың туылып, оның өсіп-жетілуіне үш жыл уақыт

өтіп кетеді. Үш жылдың ішінде оған қаншама жем-шөп, дәрі мен дәрумен екпелері керек және жұмысшылардың айлығы сияқты шығындары бар. Етке деген қажеттілік еш уақыт тоқтамаған, сол себепті Жақсылық Үшкемпіров бұл кәсіпке Үкіметтің қолдауы аса маңызды екенін айтады.

Жақсының жақсылығын айту – парыз, ағамыздың тозығы жеткен Мыңбаев ауылын қайта гүлдендіріп, ондағы қарапайым халықтың екі қолға бір күрек алып еңбек етуіне ықпал етіп, күнкөрісін әлдеқайда арттырған ерліктерін ауыз толтырып айтуға болады. Бос жатқан құнарлы жерлерді мал жайылымына тиімді пайдаланудың жолдарын нұсқап қана қоймай, сол жолдармен жүруді өзі бастап көрсетті. Оларды 10–15 малмен шектелмей, іріленуден қорықпауға шақырды. Ауыл тұрғындарына арнап өз қаржысына спорт кешенін, 100 орындық балабақша және қараусыз қалған ғимараттарды жөндеп, жас отбасыларға баспана етіп берді. Осы және өзге де игі істерін халық ешқашан ұмытпайды. Жақсылық ағамыз әрбір ер азамат бір-бір ауылды қолға алып, дәл осылай көріктендіріп, жағдайын жасап берсе еліміз әлдеқайда еңсесін тіктей

түсетінін әрдайым алға тартып жүруші еді. Жүрекжарды осы өсиеті қалталы азаматтардың назарынан тыс қалмаса игі.

Жақсылық Үшкемпіров әрбір жетістік пен жеңіс тек маңдайалды еңбекпен келетінін жақсы біледі. Ол 1980 жылы Мәскеуде өткен Олимпиадада грек-рим күресінен алтын медальді иеленіп, қазақтың атын әлемге танытқан алғашқы спортшы болды. Спортқа студент кезінен бастап араласқан палуан алдына нақты мақсат қойып, оған жетуде қашанда табандылық таныта білетін.



Автор: Улжан Шораева



Жақсылық Үшкемпіров

## В ЖИВОТНОВОДСТВЕ НАДО ОТДАВАТЬ ПРЕДПОЧТЕНИЕ САМЫМ ЛУЧШИМ ПОРОДАМ

*Члены Республиканской Палаты казахской белоголовой глубоко скорбят по поводу кончины своего коллеги, выдающегося спортсмена, патриота страны и истинного борца за восстановление Казахской белоголовой породы Жаксылыка Ушкемпирова. Светлая память...*



Жаксылык Ушкемпиров родился 6 мая 1951 года в селе Тегистик Байзаковского района Жамбылской области.

Заслуженный мастер спорта СССР, заслуженный тренер Казахской ССР. Олимпийский чемпион по классической борьбе

Двукратный чемпион СССР (1975, 1980), серебряный призер чемпионата СССР (1978, 1979), бронзовый призер чемпионата СССР (1973, 1977), чемпион Спартакиады народов СССР (1975).

Удостоен звания «Қазақстанның Еңбек Ері».

Обладатель орденов «Отан», «Барыс» I степени, «Күрмет».

Человек-легенда Жаксылык Ушкемпиров скончался 2 августа 2020 года..

Жаксылык Ушкемпиров – один из предшественников создания Республиканской Палаты казахской белоголовой породы. Если его достижения в спорте находятся на одном высоком уровне, то на другой высокой планке – его преданность возрождению Казахской белоголовой в течение последних двух десятилетий. В эксклюзивном интервью нашему корреспонденту Жаксылык-ага рассказывал об историческом развитии белых коров, скрещенных советскими учеными, и их ценных свойствах

– Не будет преувеличением сказать, что весь мир знает Казахскую белого-

ловую породу. Все потребители ценят качество и вкус мяса, его питательную ценность и доступность. Когда формировалась Республиканская Палата казахской белоголовой породы, ко мне пришел человек по имени Кийкбай и сделал предложение. В то время у меня на ферме было около полутора тысяч Казахских белоголовых. Он предложил нам объединить усилия с целью продолжать размножение породы. Я с радостью согласился и сейчас считаю, что не напрасно я обивал пороги министерства, других официальных инстанций, но в итоге мы активно работаем для дальнейшего развития и улучшения породы,

– делился воспоминаниями Жаксылык Ушкempiров.

Жаксылык-ага, который являлся образцом трудолюбия, честности, всегда призывал молодежь много работать, не сдаваться перед трудностями и терпеливо двигаться вперед.

Жаксылык Ушкempiров родился в селе Тегистик Жамбылской области. Он получил образование по специальности «животноводство». И не случайно посвятил этой области вторую большую главу своей жизни. По состоянию здоровья он был вынужден продолжать жить в селе.

Следуя совету врачей употреблять больше молока ввиду его целебных свойств, он основал небольшую ферму в селе Баканас Балхашского района Алматинской области, где содержались около 150 коз.

Затем по совету друзей стал ездить по стране и по принципу «если занимаешься животноводством, то отдавай предпочтение самым лучшим породам» стал отбирать элитные породы, такие как Казахская белоголовая, Санта Гертруда, Ауликоль, в результате была создана профессиональная племенная ферма «Жаксылык», насчитывающая около 150 чистых пород.

Жаксылыку-ага, всегда не только уделявшему внимание чистоте породы, но и использовавшему новые



технологии и зарубежный опыт, было чем поделиться с молодыми специалистами.

– Я хотел бы сказать казахстанским мужчинам, в том числе молодежи, что продолжать традиции наших предков – это благословенное дело. Конечно, это непростая задача, есть определенные сложности. Но мы никогда не должны сдаваться, а делать все от нас зависящее для дальнейшего развития нашей страны. Необходимо постараться увеличить спрос на Казахскую белоголовую не только в нашей стране, но и за рубежом. Например, я три года сотрудничал с Узбекистаном и Россией. В 2019 году китайский бизнесмен предложил заключить договор об экспорте полутора тысяч голов племенного скота.

Я предложил ему другой вариант: привезти 5 тысяч голов и соединить с нашим племенным стадом, а уже потом, после размножения, отправить их на экспорт. Нам будет выгодно, если

мы будем работать с иностранцами таким образом. А если мы отдадим всех животных, которые у нас есть, как мы сможем это компенсировать?! – размышлял Жаксылык-ага.

Он также отмечал, что животноводческие хозяйства нуждаются в господдержке в виде субсидий и льготных кредитов. Без этого будет нелегко продавать мясную продукцию по низким ценам и окупать производство.

Вспоминя сегодня добрым словом нашего уважаемого Жаксылыка-ага, не можем не рассказать о том, как он возродил полуразрушенное село Мынбаев, помог простым людям в буквальном смысле взять в руки лопату и обеспечить себе достойную жизнь. Он собственным примером показал, как использовать пустующие плодородные земли для выпаса скота. Он научил сельчан не ограничиваться 10-15 животными, не бояться увеличивать количество. На свои средства отрестав-

тировал спорткомплекс, детский сад на 100 мест, заброшенные постройки для жителей села, обеспечил жильем молодые семьи. Люди никогда не забудут эти и другие его добрые дела. Жаксылык-ага всегда говорил, что наша страна зажила бы намного лучше, если бы каждый мужчина возродил хотя бы одно село. Есть надежда, что эта заповедь не останется незамеченной обеспеченными людьми.

Жаксылык Ушкempiров знал, что успех и победа приходят только в результате напряженной работы. Он выиграл золотую медаль по греко-римской борьбе на Олимпийских играх 1980 года в Москве и стал первым спортсменом, прославившим Казахстан на весь мир. Борец, который принимал участие в спортивных состязаниях со студенческих дней, он всегда ставил перед собой конкретные цели и делал все возможное для их достижения.

**Я ХОТЕЛ БЫ СКАЗАТЬ КАЗАХСТАНСКИМ МУЖЧИНАМ, ЧТО ПРОДОЛЖАТЬ ТРАДИЦИИ НАШИХ ПРЕДКОВ – ЭТО БЛАГОСЛОВЕННОЕ ДЕЛО**


Автор: Улжан Шораева

## 01.11.2020 Ж. ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ БАСҚАДА САНАТТАРЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫНЫҢ АҚПАРАТТЫҚ КАРТАСЫ

ИНФОРМАЦИОННАЯ КАРТА НАЛИЧИЯ ПОГОЛОВЬЯ КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ У ЧЛЕНОВ ПАЛАТЫ И ДРУГИХ КАТЕГОРИЯХ ХОЗЯЙСТВ ПО СОСТОЯНИЮ НА 01.11.2020 Г.

# 353

01.11.2020 ж. жағдай бойынша Палатаға мүше шаруашылықтардың жалпы саны  
Всего по состоянию на 01.11.2020 г. – хозяйств-членов Палаты



ресурсы ка.  
Количество членов Палаты – Общере. племенное поголовье – Общере. маточное поголовье.  
Общере. количество Не членов Палаты – Общере. племенное поголовье – Общере. маточное поголовье

Палата мүшелерінің жалпы саны/01.11.2020 жыл жағдайы бойынша Палата мүшелерінің ақпараттық талдау жүйесінде (АТЖ) тіркелген жалпы асыл тұқымды малдарының саны – 119 713 бас. Республика бойынша Палата мүшелігіне енген шаруа қожалықтарды

қоса есептегенде 14 325 шаруа қожалықта – 282 085 бас асыл тұқымды мал тіркелген, соның ішінде 353 Палата мүшелері. Жалпы Қазақтың ақбас тұқымы бойынша аналық малының саны – 205 538 бас, соның ішінде Палата мүшелігінде – 104 390 бас.


Количество членов Палаты / Численность зарегистрированного в ИАС племенного поголовья в них на 01.11.2020 г. в хозяйствах – членах Палаты – 119 713 голов. Всего зарегистрировано в ИАС племенного поголовья, включая не членов Палаты – 282 085

гол. в 14 325 хозяйствах, в т. ч. в 353 хозяйствах – членах Палаты. Всего маточного поголовья казахской белоголовой породы 205 538, в том числе в хозяйствах членах Палаты – 104 390 гол.

ҚАЗАҚ АҚБАС В ЦИФРАХ

## ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМДЫ МАЛЫНЫҢ ЭКСПОРТ ЖӘНЕ ИМПОРТ БОЙЫНША АҚПАРАТЫ

ИНФОРМАЦИЯ ПО ЭКСПОРТУ И ИМПОРТУ ПЛЕМЕННЫХ ЖИВОТНЫХ КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ



## QAZAQ AQBAS В ЦИФРАХ ▼

## QAZAQ AQBAS В ЦИФРАХ ▼


### ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАЛАТАСЫНЫҢ 01.11.2020 ЖЫЛ ЖАҒДАЙЫ БОЙЫНША ПАЛАТА МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫ

КОЛИЧЕСТВО ХОЗЯЙСТВ - ЧЛЕНОВ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ПАЛАТЫ КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ ПО СОСТОЯНИЮ НА 01.11.2020 Г.

№	Облыс/Область	Палата мүшелерінің жалпы саны / Всего членов Палаты	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Ақмолинская	21	1	4	9	2	1		1	1	2	2
2	Ақтүбинская	24		2	3	2	2	1			5	7
3	Алматынская	22	1	6	2	1	1	2				9
4	Атырауская	2					1		3	5		1
5	В-Казакстанская	89		36	1	5	15	9	1		7	8
6	Жамбылская	23		6	2	4	4				1	5
7	З-Казакстанская	49		15	10	4	6			1	7	7
8	Карагандинская	42		11	8	4	9	1			3	5
9	Костанайская	12		5	4	1	1					1
10	Кызылординская	7		3	1					1	1	2
11	Павлодарская	37		7	8	4	6				3	8
12	С-Казакстанская	24			10	3	4	1			2	4
13	Туркестанская	1							5	8		1
Итого вступило: Барлығы кірді:		353	2			30	50	14	18	9	31	60
Всего вышло из состава Палаты Мүшеліктен шыққандардың саны		63				4	2	19			3	8

## 2012-2020 ЖЖ. КЕЗЕҢІ АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫ МАЛДАРЫНЫҢ САТЫЛЫМ ДИНАМИКАСЫ (БАС)

ДИНАМИКА РЕАЛИЗАЦИИ ПЛЕМЕННЫХ ЖИВОТНЫХ КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ ЗА ПЕРИОД 2012 -2020 ГГ. (ГОЛОВ)



## QAZAQ AQBAS В ЦИФРАХ ▼



*Атағы мен даңқы алысқа жеткен Қазақтың ақбас сиырының «туғанына» биыл 70 жыл толып отыр. Бүгінде бұл түліктің ат қойып, айдар таққан, өз алдына республикалық Палатасы бар. Ол текті түлікті Қазақстан бойынша түлетіп өсіріп жатқан шаруашылықтарды өзінің қанатының астына алып, қамқорлық танытып отыр. Республикалық Палатада алдыңғы толқын ағалардың аманаттап кеткен текті түлігін әрі қарай қасиеті мен қадірін бір мысқал да кемітпей, келер ұрпаққа аманаттау үшін еңбектеніп жатқан мамандар мұнда баршылық. Сол азаматтардың мұрындық болуының арқасында Қазақтың ақбас сиырының «мерейтойына» орай осынау айқарма бетте асыл малдың Ақжайық топырағында қашан, қалай дүниеге келген тарихынан әңгіме қозғамақшымыз.*

*Яғни 70 жыл аралығында асыл түліктің қызығы мен шыжығын көрген, оны өсіріп-өндіруге жоғары білімді маман ретінде 1970–2000 жылдары бір адамдай үлес қосқан ғалым-зоотехник, бүгінде Қазақтың ақбас тұқымының республикалық Палатасының БҚО бойынша атқарушы маманы Мақсат Кенжеұлы Балқыбаевпен болған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.*

*Есенжол Қыстаубаев,  
Қазақстанның Құрметті журналисі*

## Қазақтың аты аңызға айналған ақбас тұқымына 70 жыл

— Мақсат Кенжеұлы, Сіз институтты бітірген бойда Қазақтың ақбас сиырын өсірумен айналысып жатқан шаруашылыққа жұмысқа тұрыпсыз. Сіз онда жүріп Талғат Ишмақов, Алексей Черехаев, Федор Скобычкин сынды басшылармен, текті түлікті күндіз-түні мәпелеген малшылармен, мамандармен бірге жұмыс істепсіз. Қазақтың ақбас тұқымының тарихын, дүниеге келу жайын тарқатып бере аласыз ба?

— Тарқатып көрейін... Негізі Кеңес үкіметі кезінде етті көп беретін тұқымды мал өсіруге ұмтылыс пен ізденіс сонау 1928–1930 жылдардан басталған. Өйткені кеңестік жылдарда ет тапшылығы қатты сезілген. Етке деген сұранысты өтеу үшін амалсыздан сүтті бағыттағы сиырлар пышаққа ілініп кетеді екен. Ол әрі сүт өндіруге, әрі мал басын көбейтуге зиянын тигізген ғой. Осыдан келіп кеңестік мал мамандары мен ғалымдары алдында қай-қай жағынан да пайдалы етті бағыттағы ірі қараны шығару міндеті туындайды. Бұл үшін шетелдерден асыл тұқымды бұқалар алдырылды, сөйтіп герефорд тұқымды бұқалар Кеңес еліне алғаш рет 1928 жылы «аяқ басқан». Сөйтіп 1928–1933 жылдары

Англия мен Уругвайдан елімізге 1240 бас өндіруші-бұқа әкелінеді. Міне осы аталық малды жергілікті сиырлармен будандастырып, өнімділігі жоғары түлік алу жолындағы ұшан-теңіз селекциялық жұмыстар басталады. Асылдандыру жұмыстары үшін қазақ сиырларымен қатар, астархандық, қырғыздың, немістің сиырлары алынады. Бұл мәліметтер Николай Гончаровтың 2006 жылы Орынбордан шыққан «Исследователи» кітабында жазылған. Бірақ британдық герефорд пен қазақ сиырының «некесінен» туған түліктер қай-қай жағынан да ғалымдардың көңілінен шыға бастайды. Ауа райына төзімді, суыққа, ыстыққа қайғырмайды, ерекше күй талғамайды, жақсы жайылады, ерте жетіледі, тез салмақ жинайды, етті десең етті, сүтті десең сүтті. Тұқымдық қасиетін сақтағыштығы, оны келесі ұрпағына беретін артықшылығы тағы бар. Ғалымдар «жаңа туған» түлікке Қазақтың ақбас тұқымы деген ат береді.

Бұл тұқым қай жерде дүниеге келді, оны тым әріден қозғасақ. Қазақтың ақбас тұқымды сиырын дүниеге әкелер селекциялық жұмыстардың бастауында тұрған ғылыми-зерттеу институтын ашуға, оны мына біздің іргеміздегі

Орынбордың жерінде орналастыруға сол 1930 жылдарда жасы біразға келіп қалған орыстың ақсақал ғалымы, профессор Лискун Ефим Федотович мұрындық болған. Содан бастап Орынбормен қатар Батыс Қазақстандағы «Аңқаты» совхозында және еліміздің шығысы мен орталық облыстарында осы бағыттағы селекциялық жұмыстар қызу жүре бастайды. Арада жиырма жылдай уақыт өткенде, дәлірек айтсақ, 1950 жылы Ресейдің Орынборы мен Қазақстанның аумағында кейін аты аңызға айналатын Қазақтың ақбас тұқымы дүниеге келеді.

Айта кетсек артық болмас, араға бір жыл салып, аталмыш тұлкіті дүниеге әкелу жұмыстарының басы-қасында болған Орынбордың сүтті және етті бағыттағы малшаруашылығы ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Константин Акопян мен «Броды» совхозының директоры Павел Жорноклей Сталин атындағы I дәрежелі КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болады. Бұл сол кездегі өлшеммен алғанда жай жеңіс емес, селекция саласындағы ғажайып жеңіс әрі ерлік еді!

Анау «Броды» совхозы деп отырғанымыз біздің «Аңқаты» совхозы сияқты болашақ Қазақтың ақбас тұқымын шығаратын селекциялық жұмыстарды кеңінен жүргізген шаруашылық қой. Осы совхоздың директоры болған жоғарыдағы Павел Жорноклей Сталиндік сыйлық алғанға дейін біздің «Аңқаты» совхозында жұмыс істеген. Атажұрты Украинадан 18 жасында аттанған бұл азамат әуелі агрозоотехникумды бітіреді. Біраз жерде жұмыс істеп, көзге түседі. Кеңес Одағының «Союзскотоводобъединение» тресі 1935 жылы оны «Аңқатыға» аға зоотехник етіп жұмысқа жолдаған екен. Бұл кезде «Аңқаты» совхозы Орынбор ғылыми-зерттеу институтының ірі қараның текті тұқымын шығару

жолындағы селекциялық және асылдандыру жұмыстарының тәжірибелік шаруашылығы есептелінетін. Жорноклей оған дейін Шыңғырлау ауданында екі жыл жұмыс істепті. Сөйтіп аға зоотехник қазақ топырағында болашақта дүниеге келетін Қазақтың ақбас тұқымды сиырын шығару жолындағы ұшан теңіз жұмысқа кірісіп кетеді. «Аңқатының» өз адамына айналған Жорноклей күндердің күнінде аса білімді, мәдениетті, ғалымдығына бәс жетпейтін Константин Акопянмен қоян-қолтық еңбек етеді. Екі ғалымның Аңқаты жеріндегі осы кездесуі кейін үлкен жолдастыққа, бара-бара мүдделес, мақсаттас достыққа, әріптестікке айналған. Акопян да аңқатылық малшылармен тонның ішкі бауындай болып кетеді.

Енді осы арада қазақ мамандары болды ма? Олар болды ғой. «Аңқаты» совхозының мал тұқымын асылдандыру жөніндегі даңқты жолын жалғастырып «Чапаев» асыл тұқымды мал зауыты (қазіргі «Шағатай») шықты. «Аңқатыдан» кейін Қазақтың

ақбас тұқымын көбейтуге зор үлес қосқан оның атағы сонау бір жылдарда дүниенің төрт бұрышына жетіп, дүрілдеп тұрды. Онда өсірілген тұлкітер Мәскеудің Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысып, талай рет көрменің алтын медалімен марапатталды. Одан да әрі асып, Германияның Лейпциг қаласында өткен Халықаралық «Агро-76» көрмесіне қатысқан «Чапаев» асыл тұқымды мал зауытының 18 айлық бес бұқашығы көрменің жүлдесін жеңіп алып, сол жерден оларды Италия мемлекеті аяғын жерге тигізбей сатып алып кеткен. Сондай-ақ, осы мал зауытынан асыл тұқымды бұқалардың ұрықтары Чехословакия, Венгрия, Польша елдеріне сатылды. Облысымызда Қазақтың ақбас сиырын шығарып, өсірумен айналысқан бұл шаруашылықтарды әр жылдарда Талғат Ишмақов, Алексей Черкаев, Федор Скобычкин сынды білікті де қажырлы басшылар басқарды. Нина Корина, Александр Ворожейкин, Қуаныш Қойбағаров, Сағат Ғабдолов сынды мамандар ортақ іске үлкен үлес қосты. Ал малшыларға келетін болсақ,



Қазақтың ақбас сиыры өзінің атағымен қатар өзін баққан талай майталман малшыларды даңққа бөледі. Сонау 50–60–70 жылдарда әкелі-балалы-немерелі Төрәлиевтер, әкелі-балалы-немерелі Ахметовтер, әкелі-балалы Шошақовтар, Сағат Ғабдолов, Бәтима Әленова, немересі Аманкелді Әленов, Өте Мусин, Бақтығали, Мақсот Әбілғазиевтер, Фазыл Тоқлиев, Қабекес Серғалиев, Қуанғали, Қалеш Жұмашевтар, Қажы, Қобланды Күнісовтер, әкелі-балалы Мақсот, Қуаныш Жұбандықовтар, Мұхамеджан Боранбаев, ғалым Бакиров, Қаяз Абдушевтардың атақтары облысқа, республикаға, одаққа кеңінен мәлім болды ғой. Олардың арасында Социалистік Еңбек Ерлері, КСРО-ның, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары, ордендердің иегерлері болғанын халық әлі ұмыта қойған жоқ. Әрине бұл жерде майталман малшылар тіптен көп болған. Олардың бәрінің бірдей есімдерін атай алмай отырғанымызға олардың ұрпақтарынан ғафу өтінеміз.

**— Кезінде Кеңес одағын айтпағанда шетелдерге дейін даңқы жеткен Қазақтың ақбас сиырының облыстағы бүгінгі жағдайы қандай? Қалай өсіп-өніп жатыр?**

— Нарықтық қатынастардың алғашқы жылдарындағы ауыртпалықтар, жекешелендіру жұмыстары Қазақтың ақбас сиырларының да санын ойсыратып кетті. Шаруашылықтар тараған соң-ақ селекциялық асылдандыру жұмыстары қожырады. Дегенмен «Жыртық үйдің де Құдайы бар» дегендей, ғалымдарымыздың, мамандарымыздың, малшыларымыздың табандылығы және қажырлылығының арқасында Қазақтың ақбас тұқымы азайса да аман! Тектік қадірі мен қасиетін жойған жоқ, ең бастысы! Оның бер жағында асыл малды қорғау, қолдау, әрі қарай өсіріп, өндіру жолында



тер төгіп жатқан шаруаларды демее үшін республикалық Палата құрылып, бұл саланың бағы жана бастады. Осы күндерде облысымызда бұл тұлкіті өсірумен 12 аудан мен Орал қаласында 186 шаруашылық айналысады. Олардағы Қазақтың ақбас тұқымы 42 мың бас төңірегінде. Асыл малды өсіріп жатқан аудандарға жекелей тоқталатын болсақ, он мыңнан аса баспен саны жағынан Ақжайық ауданы алдыңғы орынды бермей келеді. Соның ішінде Ерболат Құрманғалиевтің «Сәбит» ШҚ, Қанат Досқалиевтің «Аманер» ШҚ, Зайдөк Өтеғалиевтің «Нығмет» ШҚ, Бөкей Ордасы ауданынан Рауан Мұхаметшиннің «Рауан» ШҚ, Насихат Саматовтың «Курорт» ШҚ, Еркін Жабасовтың «Береке» ШҚ, Бәйтерек ауданының Серік Шонайбековтің «Шонайбеков» ШҚ, Теректі ауданынан Игорь Климовтың «Қазақбас» ЖШС, Ғатауолла Ашығалиевтің «Агрофирма Ақас» ЖШС, Жаңақала ауданынан Айдар Еспанбетовтің «Айдар» ШҚ, Бекболат Жағыпаровтың «Хафиз» шаруа қожалықтарын ерекше атап өтуге болады.

Сөзімнің тоқетерінде Қазақтың ақбас тұқымының республикалық Палатасы аясында текті тұлкіті түлетіп жатқан барша қазақстандық шаруаларды, ғалымдарды, мал мамандарын асыл тұқымның 70 жылдығымен құттықтаймын! Еліміздің экономикасын еселеу жолындағы еңбектері еселене берсін!

**Республикалық Палатада алдыңғы толқын ағалардың аманаттап кеткен текті тұлкіні әрі қарай қасиеті мен қадірін бір мысқал да кемітпей, келер ұрпаққа аманаттау үшін еңбектеніп жатқан мамандар мұнда баршылық.**

# Легендарной Казахской белоголовой породе - 70 лет

*В этом году исполняется 70 лет со дня рождения знаменитой Казахской белоголовой породы. Сегодня у нее есть не только собственное название, но и одноименная Республиканская Палата, главной задачей которой является развитие племенных хозяйств Казахстана. В Республиканской Палате делают все для того, чтобы передать будущим поколениям ценное наследие отцов и дедов, в частности, сохранить Казахскую белоголовую породу.*

*Накануне этого славного юбилея предлагаем вам сделать экскурс в историю, когда и как на земле Акжайык появилась эта благородная порода. Об этом мы говорили в интервью с Максотом Кенжеевичем Балкыбаевым, ученым-зоотехником, который с 1970 года и по сей день вносит свой вклад в развитие Казахской белоголовой породы, а сегодня работает в филиале Республиканской Палаты казахской белоголовой породы в ЗКО.*

— **Максот Кенжеулы, по окончании института Вы устроились на ферму по разведению Казахских белоголовых коров. Там вы работали с такими лидерами, как Талгат Ишмаков, Алексей Черехаев, Федор Скобычкин, пастухами и специалистами, которые днем и ночью «выращивали» породу. Поделитесь воспоминаниями, как все начиналось...**

— Поиск мясных пород начался в советское время в 1928–1930 годах, потому что в те годы мяса очень не хватало. Чтобы удовлетворить спрос, под нож пускали дойных коров. Это наносило ущерб как производству молока, так и животноводству в целом. И тогда перед зоотехниками и учеными встала задача выращивать полезный во всех отношениях мясной скот. Для этой цели из-за границы были завезены племенные быки, это были быки породы герефорд, которые впервые прибыли в Советский Союз в 1928 году. Так, в 1928–1933 годах из Англии и Уругвая было импортировано 1240 быков. Это начало селекционной работы по скрещиванию этих самцов с местными коровами и получению высокоурожайного корма. Помимо казахских коров для разведения исполь-

зовались астраханские, киргизские и немецкие коровы. Об этом подробно рассказано в книге Николая Гончарова «Исследователи», изданной в Оренбурге в 2006 году. Продукт скрещивания британского герефорда и казахской коровы во многом порадовал ученых. Устойчив к погодным условиям, не страдает от холода и жары, не имеет переменчивого настроения, хорошо развивается, рано созревает, быстро набирает вес. Также есть преимущество сохранения родословной, которая передает ее следующему поколению. Ученые называли «новорожденных» коров Казахской белоголовой породой.

Профессор Лискун Ефим Федотович, пожилой русский ученый, в 1930-х годах руководил открытием научно-исследовательского института, расположенного в Оренбурге, недалеко от нас, который одним из первых стал заниматься разведением Казахских белоголовых коров. С тех пор наряду с Оренбургом, в совхозе «Анкаты» в Западном Казахстане, а также в восточных и центральных регионах страны полным ходом идет племенная работа в этом направлении. Примерно через двадцать лет, в 1950 году, на территории

Оренбурга, России и Казахстана родилась легендарная Казахская белоголовая порода.

Отметим, что через год заместитель директора Оренбургского НИИ молочного и мясного животноводства Константин Акоюн и директор Бродовского совхоза Павел Жорноклей, которые стояли у истоков производства этого продукта, получают Государственную премию СССР имени Сталина! Тогда это была не просто победа, а потрясающая победа и подвиг в области селекции!

Совхоз «Броды», который, как и наш совхоз «Анкаты», провел обширную селекционную работу по производству будущих казахских белых пород, тогда возглавлял Павел Жорноклей. До получения Сталинской премии он работал в нашем совхозе «Анкаты». Парень из Украины окончил агрозоотехнический техникум. В 1935 году советский трест «Союзскотоводобъединение» направил его в Анкаты на работу старшим зоотехником. В то время совхоз «Анкаты» был опытным хозяйством селекционно-племенной работы Оренбургского НИИ по производству племенного скота. До этого Жорноклей два года проработал в Шынгырлауском районе. Таким образом, он стал одним из тех, кто стоял у истоков зарождения новой породы.

Жорноклей однажды имел счастье работать рука об руку с Константином Акоюном, высокообразованным, культурным и известным в научных кругах человеком. Эта встреча двух ученых на земле Анкаты позже превратилась в большую дружбу и партнерство. Акоюн тоже становится своим человеком в среде анкатинских пастухов.

Славный путь животноводства совхоза «Анкаты» продолжил племенной завод «Чапаев» (ныне «Шагатай»). После успеха «Анкаты» слава о Казахской белоголовой породе разлетелась по

всему свету. Казахские белоголовые коровы принимали участие в Московском ВДНХ и неоднократно удостоивались золотых медалей на выставке. Более того, на Международной выставке «Агро-76» в Лейпциге (Германия) пять 18-месячных быков с Чапаевского племенного комбината стали призерами и тут же были куплены одним из итальянских предприятий. Семя племенных быков продавали в Чехословакию, Венгрию и Польшу. Эти хозяйства, которые занимались разведением Казахских белоголовых пород в нашем регионе, в разные годы возглавляли такие умелые и трудолюбивые руководители, как Талгат Ишмаков, Алексей Черехаев, Федор Скобычкин. Такие специалисты, как Нина Корина, Александр Ворожейкин, Куаныш Койбагаров, Сагат Габдолов внесли большой вклад в общее дело. Что касается пастухов, то Казахская белоголовая порода своей славой обязана многим отважным пастухам, которые ухаживали за ней. Еще в 50–60–70-е годы династии Торалиевых, Ахметовых, Шошаковых, а также Сагат Габдолов, Батима Аленова с внуком Аманкельды Аленовым, Оте Мусин, Бактыгали и Максот Абельгазиевы, Фазыл Тоқлиев, Кабекес Сергалиев, Куангали и Калеш Жумашевы, Кажи и Кобланды Кунусовы, отец и сын Максот и Куаныш Жубандыковы, Мухамеджан Боранбаев,

**Константин Акоюн и директор Бродовского совхоза Павел Жорноклей, которые стояли у истоков производства этого продукта, получают Государственную премию СССР имени Сталина! Тогда это была не просто победа, а потрясающая победа и подвиг в области селекции!**



– Менің ойымша, субсидияларды алып тастау керек. Оны алып жатқан адам өте көп, ал бірақ сала тынысында және жеке шаруашылықты алып қарағанда жылжу жоқ. Несиенің ақшасын шығаруы үшін бірінші жылы фермерге несиені төлемейтіндей жеңілдік кезеңі берілу керек. Жұмысы жүріп, табыс көзі түсе бастағанда ғана төлегені дұрыс. Соммасы да айтарлықтай сезілгені жөн, орташа несие 600–700 миллион теңгеден кем болмағаны абзал. Өйткені техника сатып алған соң азықтық негіз сияқтыларды да қамтамасыз ету керек. Үш жыл фермер жұмыс істейді де, төртінші жылы қарызын өтеуді бастайды. Бұл фермерге де, мемлекетке де тиімді.

Жалпы ауылшаруашылығы үшін несиені рәсімдеу де «бір терезеден» ғана

орындалатындай оңтайландырылғаны дұрыс. Ауыл еңбеккерлері банктің қабылдауы үшін том-том қағазбен әрі-бері шапқылап жүрсе, қаншама уақыттан қағылады, ал ол фермер үшін өте құнды...

Бұл көріністердің көздегені түсінікті. Кез келген әурешілік адамды, әсіресе ауыл тұрғынын шаршатады. Сансыз қағаздар, уақытында алынбаған ақша, пайызы жоғары несиенің қайтарымы – мұның барлығы адамның салын суға кетіріп, қарапайым мүліктері мен жерін сатып, қалаға біржола көшуіне себеп болады. Ол жақта мемлекеттің қолдауына үміт етіп жүрген жұмыссыздардың қатарын толтырады. Керісінше, сүйікті ісімен айналысып, ауылдастарын жұмысқа орналастырып, еліне пайда әкелетіндей еді ғой. Сондықтан қаржы мәселесінде фермердің несие ала алмағаны емес, мемлекеттің дамуына үлес қосылмағаны үрейлі.

Қазақтың ақбас тұқымы республикалық Палатасы директорлар кеңесінің төрағасы ретінде Қуаныш Сүлейменов жоғарыда айтылған мәселелерді түрлі деңгейде шешуге атсалысып келеді. Ол барлық мәселемен жақсы таныс және саладағы әріптестері сияқты өзі де сол қиындықтармен бетпе-бет кездесіп жүр.

Қазіргі фермерлер қаржылық, құқықтық, заңгерлік қолдауға мұқтаж... Халыққа тигізген пайдасы мол танымал 100 есімнің қатарында лайықты орны бар «Шалабай» ЖШС басшысы фермерлерді барынша қолдауға тырысып келеді.

– Бұл жауапкершілік көп нәрсеге міндеттейді. Жерлестерімнің маған артқан сеніміне лайықты болуым керек, – дейді Қуаныш Серқазыұлы Сүлейменов.

||  
**Менің барлық фермерге айтатын кеңесім: сиырды немесе мол өнім беретін жерді басты орынға қоймаңдар.**

||

*Quttyqtajlar*

Мусина Назия Досжанқызы  
(«Жомарт» ШҚ)

**Қазақтың ақбас тұқымды сиырына 70 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын! Шаруалардың жұмыстары жемісті болып, ақбас сиырларымыздың саны мен сапасы арта берсін!**

## Главный капитал любого бизнеса – человек



*В 2005 году руководитель ТОО "Шалабай" Куаныш Сулейменов кардинально изменил судьбу не только свою, но и родного села. Молодой человек, преподававший в школе уроки истории, решил вернуться к истокам, в частности, заняться разведением Казахской белоголовой.*

Куаныш Сулейменов

Есть в Восточно-Казахстанской области село Шалабай, слава о котором разносится далеко за пределы области и даже страны. Так же, как и 70 лет назад, когда здесь впервые была выведена новая порода крупного рогатого скота – Казахская белоголовая.

70 лет вместили в себя много разного: от расцвета животноводства, в частности племенного разведения КРС, до полного упадка всей сельскохозяйственной отрасли. Тогда, в первые годы приватизации, когда государственные предприятия вдруг стали частными и новые бизнесмены не знали, как поступить с приобретённым наследием, мало кто задумывался о сохранении бесценного генофонда Казахской белоголовой. На первый план вышли меркантильные интересы. И случилось то, что случилось: от Казахской белоголовой породы, гордости не только села, но и всей страны, остались лишь воспоминания.

И неизвестно, удалось ли бы Шалабаю встать с колен и возродить былую славу, если бы не счастливый случай в лице учителя истории Куаныша Сулейменова.

В 2005 году руководитель ТОО «Шалабай» Куаныш Сулейменов кардинально изменил судьбу не только свою, но и род-

ного села. Молодой человек, преподававший в школе уроки истории, решил вернуться к истокам, в частности заняться разведением Казахской белоголовой породы.

— У меня есть друг, который как-то, видя мои сомнения по поводу строительства дома, сказал: если ты что-то задумал, надо делать,— говорит Куаныш.— Если не начнешь, то и не получится. А как только сделаешь первые шаги в этом направлении, появится и материальная возможность. Так и случилось. Я построил дом, хотя денег на строительство в то время у меня не было. Сейчас я понимаю, что эта формула действует и во всех других случаях. Пока не начнешь, не рискнешь, ничего и не будет получаться.

По такому же принципу Куаныш Сулейменов принялся за новое для себя дело. Было главное — желание добиться успешного результата, благодаря которому и село поднимется, и сельчане станут жить лучше. Спустя годы так

и случилось. Сейчас Шалабай — одно из крупных хозяйств в области. Село зажило новой жизнью, здесь восстановили все здания, кроме бывшего дома культуры, строят новые объекты для населения. Односельчане трудоустроены, у них появилась уверенность в завтрашнем дне.

Куаныш Серказинович активно популяризирует родную породу, является председателем Совета директоров Республиканской Палаты казахской белоголовой породы, заслуженно входит в «100 новых лиц Казахстана». Педагогическое прошлое дает о себе знать — Куаныш Сулейменов всегда открыт к новым знаниям, к экспериментам, он использует новые технологии и использует любую возможность для того, чтобы поделиться своим опытом.

Вообще отношение к людям и к человеческому труду у Куаныша Серказиновича особое.

— Мой совет всем фермерам: на почетное место никогда не ставьте корову или землю с её богатым урожаем. Главное — это человек, который ухаживает за этими коровами, который сеет эти поля. Никогда не будет развиваться животноводство, если работающим в отрасли людям уделять второстепенное внимание. Персонал должен иметь мотивацию для полноценного, эффективного труда. А это возможно, только если у него достойная зарплата, есть крыша над головой и социальная поддержка.

В моей практике бывали сложные ситуации, во время которых я мог пожить на свою команду. Не на коров, не на поля и луга. Все делают люди. Это самый бесценный капитал. Человеческий ресурс — самый дорогой в мире.

Однако Куаныш Серказинович признает, что, к великому сожалению, порой человеческая халатность

приводит к необратимым случаям. Так случилось и с сохранением генофонда многих пород животных. Он вспоминает случай, когда в советское время была лаборатория по сохранению семени породы казак жылкысы. Там хранилось 30 тысяч доз семени жеребцов лучших казахстанских пород. В период смены руководства, смены государственного строя никто не обеспечил надлежащий уход, и в результате семя, которое собирали с 30-х годов 20-го столетия, умерло.

— А ведь какие породы лошадей можно было выводить! — сокрушается фермер.

То же самое и с Казахской белоголовой. Современные бычки не идут ни в какое сравнение с животными 80–90-х годов. Тогда порода была качественной, сейчас она на 30–40% потеряла генетический потенциал. А ведь если бы тогда догадались сохранить семя быков 70-х годов и в сегодняшнее время их осеменить, можно было бы получить потомство, приближенное к тому периоду.

Куаныш говорит, что в России сохранены 20 тысяч доз семени быков советского времени. Но они под строжайшим контролем и охраной, потому что составляют госматрезерв страны. Такое же отношение должно быть и у нас, и не ниже, чем на уровне государственного предприятия.

За 15 лет в бизнесе вчерашний учитель истории профессионально стал разбираться в финансах, просчитывает риски, заглядывает в завтрашний день. Общась с другими фермерами, наблюдая за их условиями и возможностями, Куаныш Сулейменов сделал несколько выводов по поводу государственных субсидий и банковских кредитов.

— Я считаю, что субсидии надо отменить. Их получают огромное количество людей, а сдвига в отрасли и даже в отдельно взятом хозяйстве нет. Для



||  
**За 15 лет в бизнесе вчерашний учитель истории профессионально стал разбираться в финансах, просчитывает риски, заглядывает в завтрашний день.**

того чтобы кредитные деньги заработали, должен быть льготный период, чтоб первые годы фермер не выплачивал кредит. Как только начал работать, ощущать прибыль, тогда и стал выплачивать. Да и суммы должны быть гораздо более ощутимыми — средний кредит должен составлять не менее 600–700 млн. тенге. Потому что, купив технику, следует позаботиться и о кормовых базах, к примеру. И вот три года фермер работает, а на 4 год начинает выплачивать долг. Выгода налицо и фермеру, и государству.

Да и в целом оформление кредита для сельского хозяйства должно строиться по принципу «одного окна». И не должны сельские работники возить камазами бумаги для банковского одобрения, потому что это отнимает время, которое очень ценно для фермера...

Мораль этих размышлений очевидна. Любая волокита изматывает человека, особенно сельского жителя. Бесконечное количество бумаг, несвоевременно полученные деньги, тяжелый возврат взятого под высокие проценты кредита — все это способствует тому, что у человека опускаются руки, и он попросту распродает свое нехитрое

имущество и землю, уезжает в город и пополняет там армию безработных, претендующих на помощь государства. А ведь мог бы заниматься любимым делом, трудоустроить односельчан и приносить выгоду стране. Поэтому в вопросе про деньги страшно не то, что фермер не получил кредит, а то, что государство не получило развития.

Будучи председателем Совета директоров Республиканской Палаты казахской белоголовой породы, Куаныш Сулейменов активно продвигает все вышеозвученные проблемы на самых разных уровнях. Он не понаслышке знаком со всеми проблемами и лицом к лицу сталкивается с теми же трудностями, что и его коллеги по отрасли.

Современные фермеры нуждаются в поддержке — финансовой, правовой, законодательной... И дать им эту поддержку старается руководитель ТОО «Шалабай», человек, имя которого занимает свое почетное место в ряду 100 известных и полезных стране лиц.

— Это обязывает ко многому. Я обязан удержать ту высокую позицию, которой меня удостоили мои земляки, — говорит Куаныш Серказинович Сулейменов.

**Мой совет всем фермерам: на почетное место никогда не ставьте корову или землю с ее богатым урожаем. Главное — это человек, который ухаживает за этими коровами, который сеет эти поля.**





## Популярные прицепные модели KEENAN MechFiber

MechFiber 320



Емкость - 14 м<sup>3</sup>  
Полезная нагрузка - 3 800 кг

MechFiber 345



Емкость - 16 м<sup>3</sup>  
Полезная нагрузка - 6 000 кг

MechFiber 365



Емкость - 20 м<sup>3</sup>  
Полезная нагрузка - 8 000 кг

MechFiber 400



Емкость - 28 м<sup>3</sup>  
Полезная нагрузка - 10 000 кг

Модельный ряд KEENAN MechFiber

Модель MechFiber	Высота (мм)**	Ширина (мм)**	Длина (мм)	Полезная нагрузка (кг)*	Емкость (м <sup>3</sup> )	Требуемое кол-во л.с.
MechFiber 400	3 421	3 009	7 600	10 000	28	120
MechFiber 380	3 201	2 819	7 600	9 000	24	115
MechFiber 370	3 200	2 856	7 250	8 000	20	110
MechFiber 365	3 020	2 855	7 250	8 000	20	105
MechFiber 350	3 112	2 856	6 250	6 000	17	90
MechFiber 345	2 932	2 819	6 250	6 000	16	90
MechFiber 320	2 805	2 541	6 250	3 800	14	80
MechFiber 300	2 660	2 482	6 250	3 800	12	80
MechFiber 280	2 638	2 442	6 250	2 750	11,5	70
MechFiber 270	2 604	2 541	4 850	3 000	10	70

## Особенности KEENAN MechFiber

- Расположенные под углом 6 лопастей, обеспечивают эффективное, а главное бережное перемешивание смеси, которое не оказывает давления на волокно и не разрушает его структуру.
- Нужная длина реза грубых кормов. Не оставляет длинные куски и не делает «кашу». Смесь воздушная, не спрессованная и имеет нужную «колючесть».
- Технология InTouch, которая объединяет в себе блок управления, программу кормления и поддержку от специалистов. InTouch позволяет управлять кормлением и следить за историей кормления.



- Технология ValeBlend обеспечивает превосходное измельчение целых круглых и квадратных тюков.
- Низкая потребляемая мощность. Лопасты вращаются со скоростью 7 оборотов в минуту. Цепной привод с огромной прочной звездой снижает потребление мощности от трактора. Это позволяет иметь трактор меньшей мощности. Обеспечивает экономию топлива.
- Масляная ванна (на моделях от 16 м<sup>3</sup>). Шестерни и цепи привода вращаются в масляной ванне, что увеличивает срок службы приводной системы. На машинах менее 16 м<sup>3</sup> устанавливается автоматическая масленка.
- Большой модельный ряд. Прицепные кормораздатчики серии MechFiber и стационарные кормораздатчики серии ProMix объемом до 28 м<sup>3</sup>. Также в линейке имеются самоходные KEENAN 345 SP (16 м<sup>3</sup>) и 365 SP (20 м<sup>3</sup>).

- Простота обслуживания машины. Надежный цепной привод и отсутствие редукторов уменьшает вероятность поломок. Расположенные снаружи подшипники не контактируют с агрессивной средой. Быстрая замена поврежденных деталей.
- Низкая скорость вращения лопастей в разы уменьшает трение абразивного корма о корпус, что увеличивает срок службы кормосмесителя. Кроме того, в бункере машины установлен вкладыш 6мм из закаленной стали, в результате чего мы получаем долговечный корпус (протирание бункера – главная проблема вертикальных смесителей).
- Надежность, проверенная десятилетиями. В Ирландии, Франции, Великобритании — эта техника занимает





## П.Г. Амосовтың Қазақтың ақбас тұқымын шығару тарихындағы еңбегі

ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНОВ,  
С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ДОЦЕНТІ

Петр Григорьевич Амосов Санкт-Петербургдың іргесіндегі Гатчина қаласында дүниеге келген. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік оны Ресейдегі ең көне жоғары оқу орындарының бірі Мәскеудегі Константинов атындағы жер белгілеуші институтына жетелейді. Қабылдау емтихандарын сәтті тапсырған жас жігіт институтта агрономиялық ғылымдар, жер геологиясы, жерге орналастыру ісі секілді пәндерді оқумен қатар Петров-Разумов ауылшаруашылығы академиясында еркін тыңдаушы ретінде дәрістер тыңдайды.

Оған 1907 жылы берілген институтты аяқтағаны туралы куәлікте: «П.Г. Амосовқа бірінші дәрежелі оқу орындарындағы курсты бітіргені құқығы, жер белгілеуші инженері, X класстық шенге лайық аға жер өлшеушінің көмекшісі және арнаулы белгіні тағу құқығы қоса берілсін», – деп жазылыпты.

Амосов 1908 жылы Семейге көшіп келіп, облыстық қоныстандыру басқармасына қызметке орналасады. Осы қызметіндегі жиі шығатын іс-сапарларында ол аңшылықпен де айналысып, жабайы аң-құстардың тұлыбын жасап, оларды көбінесе жергілікті музейге, гимназия оқушыларына, қызметтестеріне сыйлайды екен. Амосовтың мұндай әдетін және құстар мен аңдардан препараттар жасап, коллекциялау әдістемесін жақсы меңгергенін байқаған оның тікелей бастығы, облыстық қоныстандыру басқармасының меңгерушісі әрі Императорлық Орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің төрағасы болған

Н.Г. Козлов Петр Григорьевичті осы қоғамның ғылыми жұмыстарына тартады. Ол 1908 жылдың 15 қарашасында қоғамның толық мүшесі болып сайланса, ал 1910 жылы оның осы аралықтағы еңбегі ескеріліп, қоғамның басқарма комитетінің мүшелігіне сайланады.

Сол заманғы патшалық Ресейде көрсеткіштері бойынша ең жақсы деген малдарды іріктеп алу жолымен өнімділікті арттыруға арналған асыл тұқымды мал өсіретін орындарды ұйымдастыру жолға қойыла бастаған еді. Өйткені жергілікті қазақ тұқымды малдары қатаң континентальды климаттық ауа райына, жайылымдық бағуға тез бейімделгіштігімен ерекшеленді, алайда өнімділіктері төмен болды. Жергілікті мал басының қалыптасуына қоныстанушылардың өздерімен ала келген жақсы сүттілікке ие сиырлары белгілі бір әсерін тигізді. Ал асыл тұқымды мал өсіретін орынның бастапқыдағы алдына қойған мақсаты айтарлықтай жақсы сүттілігімен, сүттің құрамындағы майдың жоғары мөлшерімен және жергілікті климаттық жағдайларға жылдам бейімделгіштігімен ерекшеленетін жергілікті қазақ сиырларын өсіру болды.

Міне осы жұмыстарды жүргізуде жергілікті билік қалада өзінің белсенділігімен, қандай істі қолға алмасын, тиянақтылығымен, біліктілігімен көзге түсе бастаған, оның үстіне жоғары білімді Амосовқа сенім білдіреді. Ол кезде қазіргі Шалабай ауылдық округінің аумағында, қазақ ауылдары мен Ресейден ауып келген шаруаларының Остряковка, Черниговка және т.б. мекендері таңдалып алынады.

Жергілікті сиырлар шығу тегі қазақи әрі монғолдық қалмақ тұқымдарынан және қоныстанушылармен әкелінген еуропалық Ресей мен Сібір малдарынан құралған болатын. Табындарды толықтыру жақын уездерде тұратын халықтан жергілікті сиырларды сатып алу жолымен жүзеге асырылды. Іріктеу кезінде малдың асыл тұқымды болуына мән берілді.

П.Г. Амосовтың 1912 жылы қалыптастырған асыл тұқымды сиырлар табынында жергілікті тұқымнан бір өгіз бен 20 сиыр болды. Сиырлардың тірілей салмағы орта есеппен 327 келіге тең болса, сүттегі майдың ауытқу аралығы 3,74–5,23 пайызды құрады. Ал П.Г. Амосовтың 1914 жылғы есебінен асыл тұқымды мал өсіретін орынның сол маңдағы қоныстанушы шаруашылықтардың табындарына әсер еткені байқалады. Мұны қызмет көрсету пункттерінің ұйымдастырылуынан да, тұрғындарға мал тұқымын асылдандыру мәселелері бойынша көптеген кеңестердің берілуінен де байқауға болады.

Біраз уақыт өткен соң Семей қазыналық асыл тұқымды шаруашылығының меңгерушісі қызметіндегі Амосов Семей асыл тұқымды мал өсіретін орны (бұл бүгінгі «Шалабай» ЖШС орналасқан жер) туралы былай деп жазды: «Жұмыс істей бастағаннан кейін бес жыл өткенде ең жақсы асыл

тұқымды сиырлар ешқандай құнарландырылған жем берілмесе де, жазда – бір жайылымда, қыста шөпте, температурасы 1–10 °C-қа дейінгі суық мал қорада әрбір малға қоршап, бөліп қойған орында ұстау барысында 150 пұтқа дейін жылдық сауым сүтін бере бастады, сүттегі май 4,05 пайызға жетті».

Асыл тұқымды мал өсіретін орынның 1918–1919 жылдарға дейін жүргізген мал тұқымдарын асылдандыруға қатысты жұмыстары малдардың өнімділігі мен тұқымдық қасиеттерін жетілдіруге арналды. Соңынан, 1930 жылға дейін «Шалабай» мемлекеттік асыл тұқымды мал өсіру орны ретінде «Семей губерниялық тәжірибелік малшаруашылығы стансасы» деген атпен жұмыс істеп келді. Онда жақсартылған жергілікті малды, желісті асыл тұқымды жылқыларды және қойларды өсіру жалғастырылды.

Жалпы Петр Григорьевичтің ол жылдардағы қызметі жайлы алтайлық агроном В.П. Андреев «Нужды Западно-Сибирского сельского хозяйства» атты 1916 жылы шыққан журналда «Жергілікті сиыр малын бір жерге – Шалабайға жинап, жетілдіріп, өсіріп жатқан әуесқой мал маманы, ал мамандығы бойынша инженер, жерге орналастырушы П.Г. Амосовтың есімімен байланысты және оның жеке күш салуы арқасында ойға алған шаруаларды жүзеге асыру үшін үкіметтен қомақты субсидия бөлінген еді», – деп жазыпты. Сонымен бірге жергілікті малдың салмағы аз болғанымен, табиғат жағдайларына өте жақсы бейімделген. Сондықтан далалық жердегі жергілікті ірі қараны жетілдіру үшін асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылық ұйымдастыру идеясы өте прогрессивті болғанын атап көрсетіпті.

П.Г. Амосов 1926 жылдың 10 наурызында өкпе қабынуы салдарынан дүниеден өтеді.

**Бүгінде «Қазақтың ақбас сиыры» деп аталып, 1950 жылы бекітілген отандық етті бағыттағы мүйізді ірі қара мал тұқымын шығару жұмыстарының бастауында тұрған, яғни оның дамуына өзіндік үлес қосқан адамның бірі ғалым П.Г. Амосов болғандығын биылғы мерейтойлы жылда атап өткеніміз орынды деп білемін.**



П. Г. Амосов (слева) в расселении скота казахской породы. 1917 г. (Ныне здесь совхоз «Шалабай» Семипалатинской области).

## Роль П.Г. Амосова в истории Казахской белоголовой породы

УМИРЗАК СУЛТАНОВ,  
ДОЦЕНТ КАЗАХСКОГО  
АГРОТЕХНИЧЕСКОГО  
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ  
С.СЕЙФУЛЛИНА

Петр Григорьевич Амосов родился в городе Гатчина, недалеко от Санкт-Петербурга. Любовь к природе, к окружающей среде приводит его в Московский землеустроительный институт имени Константинова, один из старейших вузов России. Молодой человек, успешно сдавший вступительные экзамены, параллельно с изучением в институте таких дисциплин, как агрономические науки, геология земли, землеустроительное дело, слушает лекции в качестве свободного слушателя в Петровско-Разумовской сельскохозяйственной академии.

В свидетельстве об окончании института, выданном ему в 1907 году, написано: «К Амосову П. Г. приложить право окончания курсов в учебных заведениях первой степени, право инженера-землеустроителя, старшего помощника землемера, достойного чина X класса, и право ношения специального знака».

В 1908 году Амосов переехал в Семипалатинск и поступил на службу в областное управление расселения. В своих командировках он занимался охотой, изготавливал чучела диких животных и птиц, часто награждая ими местные музеи, гимназистов, сослуживцев. Заметив такую привычку Амосова и хорошее владение методикой изготовления и коллекционирования препаратов из птиц и зверей, его непосредственный начальник, заведующий областным управлением расселения и председатель Семипалатинского отделения Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества Н. Г. Козлов привлекает Петра Григорьевича к научной работе этого общества. Он был избран действительным членом общества 15 ноября 1908 года, а в 1910 году был избран членом комитета управления общества с учетом его заслуг за этот период.

В это время в царской России начала налаживаться организация племенных животноводческих помещений для повышения продуктивности путём отбора лучших по показателям животных. Скот местных казахских пород отличался приспособленностью к суровым континентальным климатическим условиям, пастбищному выпасу, однако его продуктивность была невысокой. Определённое влияние на формирование местного поголовья оказывали коровы, получившие хорошее молоко от самих поселенцев. А основной целью племенного животноводства было разведение местных казахских коров, отличающихся достаточно хорошей молокоотдачей, высоким содержанием жира в молоке и быстрой приспособляемостью к местным климатическим

условиям. Проведение этой работы местные власти доверяют высокообразованному Амосову, который отличался своей активностью, целеустремлённостью, компетентностью. В то время на территории современного Шалабайского сельского округа были выбраны населённые пункты Остряковка, Черниговка и др.

Коровы местного происхождения были представлены казахскими и монгольскими, калмыцкими породами и скотами Европейской России и Сибири, завезёнными поселенцами. Пополнение стада осуществлялось путём приобретения местных коров у населения, проживающего в близлежащих уездах. При отборе значение придавалось племенному наличию скота.

В племенном стаде коров, сформированном П. Г. Амосовым в 1912 г., было по одному волу и 20 коров местной породы. При живом весе коров в среднем 327 кг интервал отклонения жира в молоке составил 3,74–5,23 процента. А из отчета П. Г. Амосова за 1914 г. видно, что племенное разведение оказало влияние на стада близлежащих поселенческих хозяйств. Это можно проследить как в организации пунктов обслуживания, так и в предоставлении населению многочисленных консультаций по вопросам племенного разведения скота.

Спустя некоторое время Амосов, занимавший должность заведующего Семипалатинским казённым племенным хозяйством, писал о Семипалатинском племенном животноводстве (это место, где сегодня находится ТОО «Шалабай»): «Хотя в течение пяти лет лучшие племенные коровы не

получали никаких концентрированных кормов, летом — на одном пастбище, зимой — на траве, в холодном скотном дворе с температурой от 1 до 10°C, каждый скот в процессе содержания в отведённом месте начал давать до 150 пудов годового молока, жир в молоке достиг 4,05%».

Проведенная племенным заводом в период с 1918 по 1919 годы работа по племенному разведению была посвящена совершенствованию продуктивности и породных качеств животных. Впоследствии до 1930 года «Шалабай» работал как государственное племенное место под названием «Семипалатинская губернская опытная животноводческая станция». Там продолжалось разведение улучшенного местного скота, племенных лошадей и овец.

В целом о деятельности Петра Григорьевича в те годы алтайским агрономом В. П. Андреевым в журнале «Нужды Западно-Сибирского сельского хозяйства», вышедшем в 1916 году, было написано: «Инженер по профессии, животновод-любитель П. Г. Амосов, собравший и вырастивший корову на одном месте — в Шалабае, получил значительные субсидии от правительства для реализации задуманных крестьянами планов». При этом местный скот хоть и имеет небольшой вес, но очень хорошо приспособлен к природным условиям. Поэтому идея организации племенного животноводства для совершенствования местного крупного рогатого скота в степной местности была очень прогрессивной.

П. Г. Амосов скончался 10 марта 1926 года от воспаления лёгких

---

**Я считаю целесообразным отметить в этом юбилейном году, что одним из тех, кто внес свой вклад в развитие Казахской белоголовой породы, был ученый П.Г. Амосов, который стоял у истоков создания отечественной породы крупного рогатого скота мясного направления, которая была переименована в Казахскую белоголовую и была утверждена в 1950 году.**

# БІРІКТІРУ ЖӘНЕ КӨБЕЙТУ «AGROKENES.KZ» ЖАҢА ЖОБАСЫ АӨК ҚАТЫСУШЫЛАРЫН БІРІКТІРУГЕ БАҒЫТТАЛАДЫ

«Досыңның кім екенін айт...» мақалы кез келген бизнесте өзекті болып табылады. Кеңесші мен кімнің кеңесін басшылыққа алатыныңыздан еңбектің нәтижесі де көрініс табады. «Agrokenes.kz» веб-жобасының бастамашылары Қанат Әбілмағжанов пен Берік Танкимов осы пікірді негізге алып отыр. Бұл ақпараттық сайт фермерлерді біріктіруге арналады. Бүгін олар «Agrokenes.kz» мақсаты мен міндеттері жайлы айтып береді.

«Agrokenes.kz» сайтын құрудың бастамашысы Агроөнеркәсіптік кешеннің Қазақстандық іскерлік кеңесі жанындағы Агроөнеркәсіп кластерін дамыту орталығы болып табылады. Сайт мазмұны агроөнеркәсіп кешеніндегі бірігу мен кластерлеу идеясымен ерекшеленеді. Кластер — бұл бір-бірімен байланысты шынжыр секілді, ондағы әрбір түйін серіктестіктің барынша ауқымды әрі ортақ нәтижесіне қол жеткізу мақсатымен бір-бірін толықтырып, жалғап тұрады. Сондықтан біз бұл жобаны ауылшаруашылығын кластерлеу мақсатымен бастадық. Нидерланд, Германия, Канада, АҚШ, Қытай және өзге де елдердің әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, кластерлеу агроөнеркәсіптік кешені мен ауылшаруашылығы құрылымдары салаларының, ең біріншіден, экономикалық мүдделері тұрғысынан

дамуы мен іріленуінде сөзсіз кезең болып табылады.

Түрлі кросс-функционалды командалардың бірігу мен қалыптасу бағытындағы бастапқы қадамдары жолға қойылды. Мемлекеттік органдар мен бизнес өкілдерінің қатысуымен республикамыздағы 8 мыңнан аса жобаның басын біріктіретін «Easy project» ақпараттық платформасы негізінде құрылған «Kz2050easyproject.com» бірыңғай кросс-платформасы сәтті қызмет етуде. Соның арқасында жылдам әрі тиімді кластерлерді жүзеге асыруға болатын құрал дайын тұр деп айтуға болады. Алдымен осы командаларды ұйымдастыру қажет, яғни шаруалар, мемлекеттік органның өкілдері, ауылшаруашылығы тауарын өндірушілер және тағы да басқаларының басын қосып, олардың өзара араласуы мен құзыреттіліктерін арттыруға мүмкіндік беру керек.

Өкінішке орай, қазір бізде әрбір өндіруші өз бетімен күн көреді, шынжырдағы өзінен кейінгі түйінге қарамай, тек өз-өзіне жауап беретіні шындық. Біз осы алаңның негізінде олардың бірігуіне жәрдемдесіп, ортақ экономикалық мүдделерінің ұштасуына мүмкіндік бергіміз келеді. Ол үшін «Agrokenes.kz» сайтында агроөндірістік кешенге қатысты ең өзекті мәселелер талқыланып отырған форум іске қосылатын болады.

Сайттың дәл осындай форматын таңдауға не себеп болды? Біз алдын ала осы мәселені барлап шықтық және фермерлер арасында онлайн-сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға қатысушылардың 90%-дан астамы нарық қатысушыларымен арада үйлесімділіктің болмауы салдарынан АӨК дамуы кешеуілдеп тұрғанын айтады.

Көбінесе біздің өндірушілер бастапқы өнімді шикізат түрінде сатады, оны қайта өңдеу мүмкіндігін табуға тырыспайды және мұндай өңдеудің бар екенін білмейді. Біз жоба аясында фермерлер тәжірибе алмасып, маңызды сұрақтарды ортақ талқылауға салып және бизнесте серіктес табу мүмкіндіктерін пайдалана алатын бірігу мақсатындағы алаң құрудың алғашқы қадамдарын жасап келеміз. Жалпы бұл — өзекті ақпараттарды кеңінен таратуға арналған алаң.

Сайттың екінші бағыты — вебинарлық алаң. Сауалнамаға қатысқан фермерлердің 70%-ы жаңа технологиялар туралы білімнің жоқтығы ауылшаруашылығы саласының дамуын кешеуілдетуде екенін айтады. Сондықтан біз ең алдымен шаруасын расымен де дамытқысы келетін шаруа қожалықтарының басшыларымен жұмыс істегенді жөн санаймыз. Негізгі буын — жас фермерлер,

өйткені олар жаңа технологияларға жақын болғандықтан, олармен жұмыс істеу әлдеқайда жеңіл болады. Дегенмен біз жас ерекшеліктеріне қарай ешқандай талап қоймаймыз, әрине.

Фермерлерге қандай тиімділік бар? Ең бастысы — білім. Коучерлермен әңгімелесу нәтижесінде біздің білгеніміз, көптеген фермерлер офлайн-кеңестерге тапсырыс беріп, списокердің жол жүру мен тұру ақысын төлейді. Біз осы компоненттерді алып тастаймыз. Дегенмен шығындарды үнемдеу мәселенің бір бөлігі ғана. Біз вебинарлық платформамызда ғаламтордағы бәріне қолжетімді білім емес, қайта фермерлерге білімнің кеңейтілген түрін ұсынғымыз келеді. Біздің серіктесіміз «Всеукраинская Аграрная Рада» украиндық ұйымының ауылшаруашылығы саласында

вебинарлар өткізуде біршама жылдық тәжірибесі бар, осы жобаны солармен бірге іске асыруды көздеп отырмыз. Олар бізге әдістемелік көмек көрсететін болады.

Егіншаруашылығы, малшаруашылығы, фитосанитария және АӨК өзге де бағыттарын қамту біздің жоспарымызда. Әрбір бағыт бойынша қазақстандық және халықаралық білікті коучерлердің, оның ішінде нақты практиктердің үлкен пулы болады. Соған қарамастан олар тыңдаушылардың қажеттілігіне сай өз бағдарламаларын құруы тиіс. Біз коучерлерге өз білімін малшылармен де бөлісетін платформа ұсынамыз. Осы бағытта Қазақтың ақбас тұқымы республикалық Палатасымен бірге белсенді жұмыс істейтін боламыз.

Сайттың қызметі осы екі бөліммен

шектелмейтінін атап өту керек. Кейіннен біз «Кластерлер картасы» бөлімін қосуды жоспарлап отырмыз, онда әрбір келуші өңірді және оны қызықтыратын агроөнеркәсіптік кешен саласын таңдай алады, агроиндустриялық кластерді дамыту жөніндегі консорциумға кіре алады, кластер шеңберінде іске асырылып жатқан жобалармен таныса алады, өз жобасын ұсынады және кластердің басқа қатысушыларымен бірлесіп оны іске асыра алады.

Сондай-ақ «Agrodata» бөлімі қосылатын болады, онда көптеген ресми және бейресми ақпарат көздерінен агроөндірістік кешені туралы сараптамалық және статистикалық мәліметтер жарияланатын болады.

Бұдан бөлек, сайт қызметін жақсарту мақсатында перспективалық идеялар бар, ал сайттың бастапқы нұсқасы 2021 жылдың басында «Форум» және «Вебинар алаңы» бөлімдерінен бастап ашылады деп күтілуде.

Фермерлер біздің бастаманы қолдап, сайттың белсенді қолданушылары болады деп сенеміз. Барлығыңызды серіктес болуға шақырамыз!



**Кластер – бұл бір-бірімен байланысты шынжыр секілді, ондағы әрбір түйін серіктестіктің барынша ауқымды әрі ортақ нәтижесіне қол жеткізу мақсатымен бір-бірін толықтырып, жалғап тұрады.**

# ОБЪЕДИНИТЬ И ПРИУМНОЖИТЬ НОВЫЙ ПРОЕКТ «AGROKENES.KZ» НАПРАВЛЕН НА ОБЪЕДИНЕНИЕ УЧАСТНИКОВ АПК

Поговорка «Скажи мне, кто твой друг...» достаточно актуальна в любом бизнесе. От того, кто является твоим советчиком и чьими подсказками ты руководствуешься, зависит и результат труда. Этот постулат взяли за основу инициаторы веб-проекта «Agrokenes.kz» Канат Абилямагжанов и Берик Танкимов. Данный информационный сайт направлен на объединение фермеров. Сегодня они рассказывают о задачах и миссии «Agrokenes.kz».

Инициатором создания сайта является Центр развития агропромышленных кластеров при Казахском деловом совете АПК. В основе сайта лежит идея объединения и кластеризации в агропромышленном комплексе. Кластер — это взаимосвязанная цепочка, в которой каждое звено дополняет друг друга с целью достижения общего максимального эффекта сотрудничества. Поэтому мы начали этот проект с целью кластеризации нашего сельского хозяйства. Мировой опыт Нидерландов, Германии, Канады, США, Китая и других стран показывает, что кластеризация является неизбежным этапом развития агропромышленного комплекса, и в сфере укрупнения сельхозформирований в первую очередь лежат экономические интересы.

Первые шаги в направлении объединения и формирования различ-

ных кросс-функциональных команд уже есть. С участием государственных органов и бизнеса успешно функционирует единая кросс-платформа «Kz2050easyproject.com», построенная на базе информационной платформы «Easy project», объединяющая более 8 тыс. проектов в нашей республике. Таким образом, уже есть инструмент, на котором возможно наиболее быстро и эффективно реализовывать кластеры. Однако вначале необходимо эти команды сформировать, то есть свести наших аграриев, представителей государственных органов, сельхозтоваропроизводителей и др., дать им возможность общения и повышения своих компетенций.

К сожалению, наша действительность такова, что каждый производитель у нас «выживает» самостоятельно, отвечая сам за себя, без оглядки на последующие звенья цепочки. Мы же хотим на базе нашей площадки содействовать их объединению, дать возможность найти общие экономические интересы. Для этого на сайте «Agrokenes.kz» будет доступен форум для обсуждения самых актуальных вопросов агропромышленного комплекса.

Что же выступило предпосылками остановиться именно на таком формате сайта? Мы предварительно зондировали обсуждаемый вопрос и проводили онлайн-опросы фермеров. Более 90% опрошенных отмечают, что развитие нашего АПК сдерживается из-за отсут-

ствия координации между участниками рынка. Часто наши производители первичную продукцию реализуют в виде сырья, не пытаясь найти возможность ее переработки и даже не зная о наличии такой переработки. В рамках нашего проекта мы делаем первые шаги в плане объединения — создание площадки, на которой фермеры могли бы обмениваться опытом, выносить на общее обсуждение интересующие их вопросы, искать партнеров по бизнесу. И в целом это площадка, предназначенная для широкого распространения актуальной информацией.

Второе направление нашего сайта — это вебинарная площадка. 70% опрошенных фермеров считают, что дефицит знаний о новых технологиях также является сдерживающим фактором развития сельского хозяйства. Поэтому в первую очередь мы ориентируемся на тех руководителей крестьянских хозяйств, кто реально хочет развиваться.

Основной сегмент — это молодые фермеры, они ближе к новым технологиям, поэтому с ними будет проще работать. Но никаких ограничений по возрасту мы, разумеется, не ставим.

Какие плюсы получают фермеры? Самое главное — это знания. Из общения с коучерами мы знаем, что многие фермеры заказывают офлайн-

консультации, оплачивают проезд и проживание спикера. Эти составляющие мы исключаем. Но экономия расходов — это лишь часть вопроса. На нашей вебинарной платформе мы хотим представить более широкий круг знаний, чем те, которые фермеры могут найти даже в интернете. У нас есть партнеры — это украинская организация «Всеукраинская аграрная рада», которая не первый год занимается организацией вебинаров в сельском хозяйстве, и мы вместе с ними хотим реализовать этот проект. Они окажут нам методологическую помощь.

Мы планируем охватить все направления АПК: это растениеводство, животноводство, фитосанитария и др. По каждому направлению будет большой пул казахстанских и международных квалифицированных коучеров, в том числе и реальных практиков.


При этом свои программы они должны строить исходя из потребности слушателя. Мы предоставляем платформу, на которой коучеры могут делиться знаниями, в том числе и с животноводцами. В этом направлении мы будем активно сотрудничать с Республиканской Палатой казахской белоголовой породы.

Необходимо отметить, что функционал сайта не будет ограничиваться этими двумя разделами. В последующем мы планируем добавить раздел «Карта кластеров», где каждый посетитель может выбрать регион и интересующую его отрасль агропромышленного комплекса, вступить в консорциум по развитию агроиндустриального кластера, ознакомиться с реализуемыми в рамках кластера проектами, предложить свой проект и совместно с другими участниками кластера реализовать его.

Также добавится раздел «Agrodata», в котором планируется размещение аналитической и статистической информации по агропромышленному комплексу, собираемой из различных официальных и неофициальных источников.

Кроме этого, есть перспективные идеи по расширению функционала нашего сайта, но первоначальный вариант сайта будет запущен уже в начале 2021 года с разделов «Форум» и «Вебинарная площадка».

Надеемся, что фермеры поддержат нашу инициативу и будут активными клиентами нашего сайта. Всех приглашаем к сотрудничеству!



**Кластер – это взаимосвязанная цепочка, в которой каждое звено дополняет друг друга с целью достижения общего максимального эффекта сотрудничества.**

# Саян Баетов— фермер және блогердің тұлғасы



БҚО Бөкейордасы ауданынан шыққан Баетов Саян Арсанұлы малшаруашылығы кәсібiне 4 жыл бұрын келдi. Оған дейiн Оралда оқып, жұмыс iстеуге Алматыға кеткен. IT саласында 7 жыл жұмыс iстегеннен кейiн егде тартқан ата-анасына ферманың жұмысын жүргiзуге көмектесу үшiн ауылға оралуға мәжбүр болды.

Бүгiнде ол ең қарапайым отбасылық фермада жұмыс iстейдi. Бiр қуанарлығы, Саянның фермасында интернет өте жақсы ұстайды, бұл оның IT саласындағы бiлiмiн малшаруашылығында қолдануына мүмкiндiк бердi.

Бiздiң журналымызға берген сұхбатында Саян өзi туралы емес, өзiнiң жұмысы жайлы, сүйiктi кәсiбiмен қалай айналысатынын, таңнан кешке дейiн сол жерден шыр айналып шықпайтынын және бұл оның өмiрiнiң мәнiне айналғанын тебiренiспен баяндады.

*Саян, Сiз нақты немен шұғылданасыз?*

Бiздегi мүйiздi iрi қара мал мен жылқы тауарлық мақсатта ғана өсiрiледi. Жемдi өзiмiз дайындаймыз, ветеринарлық өңдеу, сұрыптау және шаруашылық құрылысын жүргiземiз. Мал басы көп емес, 100 бас төлдейтiн мал болса, қалғаны – 80 бас мал.

*Фермерлiкке қызығушылығыңыз неден басталды?*

Бөкейордасы ауданында малшаруашылығы бизнестiң танымал түрiне жатады. Ауданымыз Оралдың оңтүстiгiне қарай 600 шақырым жерде орналасқан. Бұл жердiң қысы жылы және қысқа, жайылымы шүйгiн, суы тұщы болып келедi. Менiң есебiм бойынша, бiр бас малды бағуға бар болғаны 10 мың теңге шығын кетедi. Бұл бiзге өте тиiмдi. Әкем барлық ауылдасы секiлдi кезiнде малшаруашылығымен айналысуды бастаған. Бiз малды үнеми үй ауласында ұстайтынбыз. Мектепте оқитын кезiмiздiен бастап ағаммен бiрге сол малға қарайтынбыз,

қыста жемдеймiз, жазда жайылымға апарып жаямыз. Ал фермерлiк орынға көшкеннен кейiн фермерлiк жұмысқа түбегейлi бет бұрды.

*Қазақтың ақбас сиырын бағасыздар ма? Оларды өсiрiп, ұстауда және күтуде қандай ерекшелiктер бар?*

Әкем өзiмiздiң азық-түлiк дүкенiнен түсетiн табысқа мал сатып алып жинады, сондықтан малды тауарлық мақсатта өсiремиз. Бiрақ бiз субсидия алғалы тұқымдық түрлендiру бағдарламасын қолданамыз. Сиырларымыздың басым бөлiгi Қазақтың ақбас түрiне ұқсайды. Бұл – бiздiң өңiрде кеңiнен танымал тұқым. Ол жергiлiктi жердiң жағдайына өте жақсы бейiмделедi.

Мәселен, өңiрде бiр жылдан берi қуаңшылық жайлап, жалпы облыс көлемiнде жауын-шашын түсу жағы қиындық тудырғанын көрiп жүрмiз, бiр жақсысы, Қазақтың ақбас сиырлары бұған төзiмдi болып тұр. Сонымен қатар маған олардың жуастығы да ұнайды. Қазiр өз бетiмше олардың буаздығын анықтауды үйренiп жүрмiн,

ал болашақта оларды жасанды жолмен ұрықтандыру әдiсiн де меңгермекпiн. Олар қораға қамасап, жатырқамай кiредi, iшiнiң тарлығына үйренiсiп, көп мiнез көрсетпейдi, күйзелiп жатып алмайды немесе асауланып сүзiспейдi. Тiптi жайылымда жүрген жерiнде де сиырлардың көбi жанына жақындасаң қашпайды.

*Тұқымдық түрлендiру туралы не айтасыз?*

Бағдарлама малды тауарлық мақсатта бағу жағынан өте жақсы жасалған. Сол арқылы бұқаларға тегiн қол жеткiздiк десе де болады. Бұқалар өз жұмысын белсендi атқарады, содан кейiн жылдам салмақ қосады, мiне сол кезде оларды алған бағасынан екi есе етiп сатуға болады. Яғни бiреуiн 300 мыңға алатын болсақ, соның 150 мыңын субсидия арқылы төлеп бередi, ал 2 жылдан кейiн оларды семiртiп, 450 мың теңгеге сатамыз. Пайдасы шаш етектен. Тұқымдық түрлендiру бiзге генетика және тұрақты жаңарту есебiмен малдың сапасын жақсартуға көмектеседi. Бұқаларымыз шау тартқан кезде жас бұқалар iздеймiз,

сол кезде селекционердiң АТЖ, яғни ақпараттық талдау жүйесi арқылы бiздiң сиырларға туыстық қатысы жоқтарын тауып, сол бұқаларды сатып алуға келiссөздер жүргiземiз. Тұқымдық түрлендiрудiң артықшылығы бағасының төмендiгi мен тұқымының мықтылығында. Бiр кемшiлiгi бұқалар жыл бойына жүрiп, төлдету науқанына көше алмаймыз. Бұл бiз сияқты қоры шектеулi шағын отбасылық фермаларға аса қолайлы емес.

*Сiздiң шаруашылықта мал бағуда көбiне қандай қиындықтарға кезiгесiздер?*

Бiздiң фермерлiк орын ауылдан 15 шақырым, ал жайылым фермадан 8 шақырым жерде орналасқан. Фермерлерде қиын және әдеттегi жыл деген болады. 2019–2020 жылдары өңiрде жауын-шашын аз түстi. Бiз табиғатқа үнеми тәуелдiмiз. Сондықтан малшаруашылығы кәсiпкерлiктiң тәуекелi көп түрiне жатады. Мысалы, бiр сәтте бiр аурудан барлық табын қырылып қалуы мүмкiн.

Дәл солай, егер жыл бойына жауын-шашын дұрыс түспеген болса, фермер қалай болғанда да жем жинай алмайды, ал қыс қатты болып келсе, бұл да бұзаулардың күтiмiне және денсаулығына керi әсер етедi. Сол себептi қазiргi таңда фермерлер мен ел басшыларының алдында мынадай мiндеттер тұр: ветеринария жағынан да, жем өзiрлеу бойынша да қатерлердi азайту. Бүгiнде бiздiң отбасымыз электрлiк қоршау жүйесiн зерттеуде. Жоғарыда айтып өткенiмдей, бiздiң жайылым ауылдан 20 шақырым жерде жатыр, көршi фермерлер мен ауыл малдарының

жайылым шөбiн жайпап, жеп тастауы бұл жайылымға көп салмақ түсiруде. Негiзiнен тәжiрибелi фермерлер бұлай iстемейдi, олар малды елдi мекеннен алыстау, кем дегенде 50 шақырым қашыққа апарып жаяды. Көшу және оқшауланған өмiр аса ұнай қоймаса да, бiз жайылымды қоршап көру керек деген шешiмге келдiк.

*Бұл жайлар Сiзге қаншалықты қиын тиiп жатыр?*

Мұны қиын дегеннен гөрi қызығы көптеу деп айта аламын. Ең бастысы, отбасында бiрлiк болса болды, әкемiз ұлдарының әр бастамасын қолдап отыр, ал балалары әке көрсеткен жолмен жүрiуде. Басқа фермерлiк шаруашылықтардың тәжiрибесi жан-жақтан инвестиция тартпай-ақ, өз бетiнше кәсiп бастаған фермерлердiң көбi негiзiнен отбасылық кәсiпорындар екенiн көрсеттi. Соның жарқын мысалы – жеке шаруашылығының негiзiн кiшi iнiсiмен бiрге қалаған менiң әкем.

*Саян, бүгiнде мал шаруашылығына жаңа технологиялар енгiзiле бастады, бiрақ мұны шаруалардың бәрi бiрдей қолдануға дайын емес. Ал сiз қандай да бiр технологияны қолданасыз ба?*

Бiздiң ферма орналасқан жердiң ең басты артықшылығы – интернет өте жақсы жұмыс iстейтiндiгiнде. Бiз жаңа бұқалар сатып алған соң олардың қайда жүргенiн онлайн режимде жеткiзетiн ескi смартфондарды үстерiне iлемiз, сосын малдардың қай жерге қалай бейiмделетiнiн жайбарақат сырттан бақылап отырамыз. Олардың бiздiң аумаққа қарай өткенiн байқасақ, бiрден керi

қарай қуамыз. Бұл жүйе малды уайымсыз бағуға көмектеседi. Ал бұрын кешкi уақытта бұқаларды табынға қарай қусақ, таңертең олар бiзден 40 шақырым жерде жүретiн және басқа жаққа қарай кетiп қалатын. Қазiр мiне оларды тез бақылаудың арқасында жылдам әрекет етемиз. Соған қоса бұл әдiстiң олардың мiнезiне де керi әсерi аз, бұқалар жергiлiктi жерге тез әрi жақсы бейiмделiп кетедi. Сонымен қатар бiз табынды басқаруда өзiмiз ойлап тапқан жүйенi де қолданамыз. Бұл жүйенi мен Samal деп атадым. Қазiр осы арқылы малдың нақты санын ғана емес, олардың қаншалықты өнiмдi екенiн де бiлiп отырамыз және келесi жылға осы жағынан болжам жасай аламыз.

